Бекітемін:____________

Күні 28.08.2020.

**«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы «Айгөлек» ересек тобы**
**Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы.**
**І-апта (31-04 тамыз-қыркүйек айы 2020 ж.)**
**Өтпелі тақырып: «Балабақша»**
**Тақырыпша: «Менің балабақшам»**

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 31.08.2020 | Сейсенбі 01.09.2020 | Сәрсенбі 02.09.2020 | Бейсенбі 03.09.2020 | Жұма 04.09.2020 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіз-дер ме, балалар»** Балаларды таңертеңгі қабылдау. Таңертеңгі жаттығу Гигиеналық шаралар. | 8.00-8.30 | Мақсаты: ; Балалардың бойында балабақшаға, балаларға, ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға; бірлескен әрекетке қызығушылықты, дамыту.Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп,әдептілік дағдыларын қалыптастыру.Балабақша туралы алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын ұйымдастыру.Сұрақтарға жауап беруге үйрету. Ұқыптылыққа баулу. | | | | |
| | | Балалардың демалыс күндерінің қалай өткендігін әңгімелеу. | Балалармен сүйікті мультсериалдары туралы әңгімелесу. | Балабақшаға келе жатқанда не көрдіңдер? Немен келдіңдер? Әңгімелесу. | Балалардың көңіл күйлеріне назар аудару.Дене қызуларын өлшеу | Сурет серияларын бойынша әңгіме жүргізу |
| | | **Жаттығулар кешені. Қыркүйек айы: І -ІІ апта; Картотека № 1 (доппен)** | | | | |
| | | Мәдени гигиеналық дағдыларын қалыптастыру.Қолдарын жуып,таңғы асқа отырғызу. | | | | |
| **Таңғы ас** | 8.30 - 8.50 | Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішуге,майлықты дұрыс қолдануға, тамақтан соң алғыс айтуға үйрету. | Үстел басында дұрыс отырып, тамақтануын қадағалау. Ұқыптылыққа баулу. | Майлықты дұрыс пайдалануына көңіл бөлу. | Үстел басында дұрыс отырып, тамақтануын қадағалау. | Тамақтарын тауысып ішуін қадағалау. |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық.** | 8.50-9.00 | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда дидактикалық ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар. | | | | |
| | | **Қимылды ойын: Картотека № 9 Тақырыбы**: «Тым-тырақай» **Мақсаты:**Балаларды шапшаңдыққа,ептілікке тәрбиелеу. | **Қимылды ойын: Картотека №14 Тақырыбы:** «Кім шапшаң» **Мақсаты:** Күштілікке,ептілікке баулу. | **Қимылды ойын: Картотека № 11 Тақырыбы:** «Күн сәулесі» **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа баулу. | **Қимылды ойын: Картотека № 13 Тақырыбы**: «Жер, су, ауа» **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу. | **Қимылды ойын: Картотека № 10 Тақырыбы:** «Түсіне қарай тап» **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, татулыққа баулу. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Ойнайық та, ойлайық»** Ұйымдастыр ыл ған оқу қызметі (үзілістерді қоса алғанда) | 9.00-9.25 | **«Шынықсаң шымыр боларсың»**<br>**Тақырыбы:** «Ұйқыдағы аю» (қимылды ойын)<br>**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, бір-біріне кедергі жасамай үйлесімділікте ойнауға үйрету. Аюдың іс-қимылын жасау икемділіктерін арттыру.<br>**Керекті құралдар:** Аю бетпердесі.<br>**Ойын шарты:** (бұл ойынға топ балалары 2-ге бөлініп қатысады)<br>Топ ішіндегі бір баланы аю бетпердесін кигізіп орындыққа отырғызып қояды. Балалар орманда серуендеп келе жатып,ұйқыдағы аю көреді. Аю болса балалардың шуылынан (дыбысынан) оянып кетіп,балаларды қуа жөнеледі. Ұстап алған баланы өз мекеніне отырғызып қояды. Ойын қайта жалғаса береді.<br>Қорытындылау. Мадақтау. Бағалау. | **1.Қатынас.**<br>**Шығармашылық**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Кіріктірілген оқу қызметі: **Жапсыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Балабақша-бүлдіршіндер үйі».<br>«Балабақшадағы әртүрлі доптар»<br>**Мақсаты:** Балабақша туралы түсініктерін кеңейту.Балбақшаның мекен-жайын, кімдер жұмыс істейтінін атау,сөздік қорларын әңгімелесу арқылы дамыту.Тіл ұстарту жаттығуларын дұрыс орындауға баулу.<br>Балаларды сурет салу барысында дөңгелек және сопақша пішіндерді ажырата білуге үйрету<br>Балалардың ойлау, көру, есту қабілеттерін және ұсақ қол қимылдарын дамыту.<br>**Әдіс –тәсілдер:**<br>Түсіндіру, көрсету, әңгімелеу, тақпақ оқу, саяхат, сұрақ-жауап, дидактикалық ойын, | **1.Қатынас**<br>**Орыс тілі**<br>**Темы:** Детский сад. День знаний<br>**Цель:**Познакомится с детьми. Вызывать у них интерес и желание изучать русский язык. Познакомить с новыми словами, научить отвечать на вопрос «Как тебя зовут?»<br>2.**Шығармашылық.**<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Бақшаға барамын»<br>**Мақсаты:** Әнді айта отырып, түстерді ажырата білуге үйрету.Есту қабілетін дамыту. Әнді көңілді ашық дауыспен таза орындауға үйрету. | **1.Таным**<br>**Шығармашылық**<br>**Жаратылыстану**<br>Кіріктірілген оқу қызметі: **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Балабақша біздің екінші үйіміз»<br>«Менің балабақшам»<br>**Мақсаты:** Балабақша туралы түсініктерін кеңейту, балабақшаның бөлмелері мен топтағы орталықтарын ажыратуға үйрету. Кімдер жұмыс істейтінін атап таныстыру. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерде өрнектерді сала білу іскерліктерін жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>Түсіндіру, көрсету, ғажайып сәт, сергіту сәті, дидактикалық ойын.<br>**Көрнекіліктер:**<br>Торғай,хат, балабақша | **1.Шығармашылық**<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Бақшаға барамын» (қайталау)<br>**Мақсаты:** Әнді айта отырып, түстерді ажырата білуге үйрету.Есту қабілетін дамыту. Әнді көңілді ашық дауыспен таза орындауға үйрету.<br>**2.Қатынас**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Үй жақсыма,бақша жақсыма?»<br>Ф.Оңғарсынова<br>**Мақсаты:** Өлеңді түсініп, есте сақтай білуге үйрету. есте сақтау қабілеттерін, зейінін тілін дамыту.<br>**Әдіс-тәсіл:** Шаттық шеңбері, сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, дидактикалық ойын, түсіндіру,көрсету.<br>**Көрнекілігі:**<br>Балабақша қызметкерлерінің суреттері, портрет, ойынның үлестірмелі материалдары.<br>**Жүру барысы:** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | сергіту сәті.<br>**Көрнекіліктер:**<br>Балабақша суреті, жиһаздар, түрлі-түсті қағаздар, желім, қайшы, ақ парақтар.<br>**Кіріспе бөлім:**<br>**Жүру барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек?<br>Көңілді боп жүрейік!<br>**Дидактикалық ойын:** «Менің балабақшам» суреті бойынша әңгімелеп,балабақша ауласымен,бөлмелері мен таныстыру. Сурет бойынша балаларға сұрақ беру.<br>-Суретте не бейнеленген?<br>-Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар?<br>-Дұрыс,балалар,енді осы суреттегі балалар не істеп отырғандығы жайлы әңгімелеп беріңдер.<br>-Суретте тәрбиеші апай не істеп тұр? | | суреті, ақ қағаздар, қарындаштар.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Сәлеметсіңдерме балалар. Жалпы адамдар кездескенде бір-біріне амандық пен саулық тілейді, яғни амандасады, жағдайларын сұрайды. Сендердің үстелдеріңде сиқырлы қорапшалар жатыр, оның ішінде ақылды да алғыр балалар отыр. Кәне, бәріміз ашып қарайық, олар қандай балалар екен? Әр қобдишаның ішін де айна жатады. Кәне балалар айнаға қарап: «Біз әлемдегі ең жақсы балалармыз»,- деп айтайық. Осылайша көңілімізді көтерейік.<br>**Ғажайып сәт.**<br>Біреу есік қағады. Балалар біздің атымызға торғайлардан хат келіпті, оқып көрелік. Хатты ашып оқу.<br>-Құрметті балалар. Біз торғайлармыз, сендердің балабақшаларыңның | **Кіріспе:**<br>**Шаттық шеңбері**<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға,<br>«Қайырлы таң!»- деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>«Қайырлы күн!»- тілеймін.<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін:<br>«Кеш жарық!»- деп кіремін.<br>Керемет! Ал сендер үйде, балабақшада осындай ізгі сөздерді қолданасыңдар ма?<br>Ертеңгісін адамдармен қалай амандасамыз?<br>Қане бәріміз бірге қайталайық-шы.-«Қайырлы таң!».<br>Тағы қандай әдепті сөз қолданамыз?-«Сәлеметсіз бе!».<br>Күндіз кездескен адамдарға не деп айтуымыз керек?-«Қайырлы күн!». |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | -Суретте тағы не бейнеленген?<br>-Біздің балабақша қалай аталады?<br>-Тобымыздың аты?<br>**Тақпақ оқу**<br>Бала бақша есігін,<br>Үшке тола ашқанбыз,<br>Балапандай өсіріп,<br>Мәпелейді бақшамыз.<br>Бұл екінші үйіміз,<br>Бір туғанбыз бәріміз.<br>Біз осы үйдің гүліміз,<br>Біз осы үйдің сәніміз.<br>Жарайсыңдар балалар.<br>**Сергіту сәті.**<br>Картотека №5<br>Балалар, қараңдаршы, біздің топта не көп?<br>Түрлі-түсті доптар көп.<br>Осы доптарды түрлі-түсті қағаздан домалақтап қиып жапсырамыз.<br>Жұмысымызды аяқтасақ, балабақша ауласына саяхатқа барайық. Балабақша ауласында серуендеп, көрген нәрселерін атап айтқызу.<br>**Сұрақ-жауап.** | | үстінен ұшып бара жатып сендердің көңілді екендеріңді көрдік. «Біздің де сондай балабақшамыз болса ғой»,- деп мұңайып қалдық. Біз балабақшаның не екендігін білмейміз. Сендерге қонаққа келсек, бізге балабақша туралы айтып бересіңдер ме?<br>Екі торғайдың суретін немесе ойыншық торғайларды көрсетіп олардың терезеден ұшып кіргенін айту.<br>-Балабақшаға кімдер барады?<br>-Балалар балабақшада не істейді?<br>-Балаларға кімдер қарайды?<br>Балабақша туралы әңгіме жүргізу.<br>Балабақша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейтін (қоғамдық) орын.<br>Балалар торғайлар ақ қалпақ киіп, шөміш ұстаған адамдарды көріп, енді олардың кім екенін білмей отыр | Ал, кешке не?-«Кеш жарық!»<br>Балаларға балабақша қызметкерлерінің еңбегімен таныстырып, оларды бағалауға, құрметтеуге үйрету мақсатында «өз үйім – менің бірінші үйім, балабақша – екінші үйім»деген тақырыпта әңгіме жүргізу.<br>Балалар, мен сендерге бірнеше сұрақ қойғым келіп тұр.<br>- Балалар балабақша дегеніміз не?<br>- Балабақшада біз не істейміз?<br>- Ал балабақшаны біз екінші үйіміз деп айта аламыз ба?<br>- Бұл үлкен үйімізде бізге кім қамқорлық көрсетеді, аялайды?<br>- Балабақшада сендер үшін қаншама адам жұмыс істейді.<br>- Қане, олар кімдер және не істейді екен? |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 9.45-10.10 | | Балабақша ауласында нелер бар? -ағаштар, гүлдер,мүсіндер, алаңшалар және т.б<br>Алаңшада біз не істейміз?<br>Ағаштар бізге не үшін керек?<br>Балаларды мадақтау,бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді:** Балабақшадағы жиһаздарды,ауладағы әр заттың атауын білді. Олардың қандай қызмет атқаратындарымен танысты.<br>**Нені меңгерді:** Түрлі-түсті қағаздан доптарды жапсыруды меңгерді.<br>**2.Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: Қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру. Затты желке тұсынан оң, сол қолмен лақтыру<br>**Мақсаты:** Балаларды қос қолмен допты жоғары, жіптің | | (көрнекілікті көрсетеді).<br>-Аспаз сендер үшін не істейді?<br>Торғай: -Егерде балалардың біреуі ауырып қалса, не істейсіңдер?<br>-Біздің балабақшамызда денсаулықты қадағалап отыратын адам бар.<br>Ол кім?<br>Есімі қалай аталады?<br>Ол қандай қызмет атқарады?<br>-Иә балалар аспаз тамақ дайындаса, дәрігер балалардың денсаулығын қадағалап отырады. -<br>Торғай: -Сендердің балабақшаларыңда біз білмейтін заттар көп екен.<br>Ендеше балалар торғайға өз балабақшамыздың суретін салып берейік.<br>**Сергіту сәті.**<br>Бала, бала, баламыз,<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы ойынға<br>Батамыз да қаламыз. | **Тазалықшы** – екінші үйімізде өз үйіміздей жылы, таза болсын деп бөлмемізді жуып, тазалайды.<br>**Аспазшы** - біз үшін дәмді тамақ әзірлейді.<br>**Дәрігер** – сендердің денсаулықтарыңның сау болуын қадағалайды.<br>**Кір жуушы** – біздің сүлгілерімізді жуып береді.<br>**Тәрбиеші апайлар** – сендер жақсы адам болып өсулерің үшін бәрін үйретеді.<br>Бүгін біз Ф.Оңғарсынованың «Үй жақсы ма, балабақша жақсы ма?» өлеңімен танысамыз.<br>**Сергіту сәті.**<br>Иіліп оңға бір,<br>Иіліп, солға бір.<br>Жаттығу жасаймын.<br>Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ сол аяқ<br>Жаттығу оңай-ақ.<br>Өлеңді мәнерлеп оқу.<br>Қызықпын-ау өзім де,<br>Мақтанарым шамалы.<br>Үйге келген кезімде,<br>Кеткім келмей қалады. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | үстінен лақтыруға жаттықтыру.<br>Төрттағандап жүріп, допты баспен итеруге үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, көрсету, қимылды ойын.<br>**Қажетті құралдар:**<br>бала санына қарай сылдырмақтар, доп, жіп.<br>**Жүру барысы:**<br>**Кіріспе бөлім**<br>-Бір тізбекте тұру.<br>-Бірінің артынан бірі жүру.<br>- Аяқтың ұшымен жүру.<br>-Екі қолды желкеге қойып өкшемен жүру.<br>-Бір бүйірмен оңға қарап жүгіру.<br>-Бір бүйірмен солға қарап жүгіру.<br>-Екі қолды тізеге қойып жартылай жүрелеп жүру.<br>-Шашырай жүру.<br>-Баяу жүгіру.<br>Үш қатар сапқа тұрып жалпы дамытушы жаттығуларын орындау.<br>(сылдырмақпен) | | Түзу сызықтарды қосу арқылы балабақша суретін салу. Есігін, терезелерін салу.<br>**«Ғажайып қапшық» дидактикалық ойыны.**<br>**Шарты:** қапшықтан заттар бейнеленген суреттерді бір-бірден алып шығады. Мысалы:<br>-Аспазға азық-түлік, қазан, таба, тамақ пісіретін плита керек. -Дәрігерге дәрумендер, температура өлшегіш(градусник), дәке керек.<br>Торғай балалармен қоштасады.<br>-Рақмет, балалар, мен сендерден көп нәрсе үйрендім.<br>Сау болыңдар.<br>Қорытындылау.<br>Мадақтау. Бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді:** Балабақша және оның қызметкерлері туралы бледі және ажыратады.<br>**Нені меңгерді:** Түзу сызық арқылы балабақша суретін салуды меңгерді. | Жан әжемнің жанында<br>Тіпті рақат секілді.<br>Айтады ұйықтар алдында<br>Ертегіні не түрлі.<br><br>Ал бақшаға бармасам,<br>Тұра алмаймын тағы да.<br>Мұнда қызық әрқашан,<br>Келем сосын сағына.<br><br>Үй жақсы ма, бақша ма?<br>Білмей жүрмін со жағын.<br>Екеуіне сондықтан<br>Ортақ бала боламын:<br>Күндіз ойнап бақшада,<br>Үйге келіп қонамын.<br>Балалар, өлеңнің мазмұнына түсіндіңдер ме?<br>Ал, сендер қалай ойлайсыңдар?<br>**Дидактикалық ойын: «Сәйкесін тап»**<br>**Шарты:** Балабақша мен үйге қажетті заттарды ажыратып, сызықпен қосу керек.<br>Бір айналым сөйлесу арқылы оқу қызметін қорытындылау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **1.Бастапқы қалып:**<br>аяқ иықтың деңгейінде, қолдарында сылдырмақ.<br>**Орындалуы:**<br>1.Сылдырмақтарды қолдарына алу.<br>2. екі жаққа созып, жоғары көтеру<br>3.сылдырлату<br>4.төмен түсіру, бастапқы қалыпқа оралу.<br>**2.Бастапқы қалып:**<br>аяқ иықтың деңгейінде, қолдарында сылдырмақтар.<br>**Орындалуы:**<br>1.Еңкею<br>2.сылдырмақтарын аяқтың саусақтарына тигізу<br>3.тік тұру.<br>4.бастапқы қалыпқа оралу.<br>**3.Бастапқы қалып:**<br>аяқ иықтың деңгейінде, сылдырмақтарды иыққа қойып тұру.<br>**Орындалуы:**<br>1.Жартылай отырып, | | 2.**Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Затты желке тұсынан оң, сол қолмен лақтыру.<br>Бір қатар сапқа жұптасып тұру.<br>**Мақсаты:** Балалар затты желке тұсынан оң, сол қолмен лақтыруға жаттықтыру.<br>Бір қатар сапқа жұптасып тұруға үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, көрсету, қимылды ойын.<br>**Қажетті құралдар:**<br>Бала санына қарай таяқшалар, кубик, руль, торғайлардың атрибуттары.<br>**Жүру барысы:**<br>**I.Кіріспе бөлім:**<br>-Бір тізбекте тұру.<br>-Бірінің артынан бірі жүру.<br>- Аяқтың ұшымен жүру.<br>-Екі қолды желкеге қойып өкшемен жүру.<br>-Бір бүйірмен оңға қарап жүгіру.<br>-Бір бүйірмен солға қарап жүгіру. | Балалардыы мадақтау.<br>Бағалаау. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | сылдырмақтарды еденге қою<br>2.қолдарын белге қойып, жартылай отыру<br>3.сылдырмақтарын алу, тік тұру<br>4.бастапқы қалыпқа оралу.<br>**4.Бастапқы қалып:** отыру, сылдырмақтарды ныққа қойып ұстау.<br>**Орындалуы:**<br>1.Оңға(солға) бұрылу<br>2.сылдырмақты аяқтың ұшына жақындатып қою<br>3.оңға бұрылу(солға), сылдырмақты көтеріп алу<br>4.бастапқы қалыпқа оралу.<br>**5.Бастапқы қалып:** аяқтарымыз сал ашылған, сылдырмақтар қолда, кеуде тұсында.<br>**Орындалуы:**<br>Жүру мен қос аяқпен секіруді ауыстырып орындау.<br>**Тыныс алу жаттығуы** | | -Екі қолды тізеге қойып жартылай отырып жүру.<br>-Шашырай жүру.<br>-Баяу жүгіру.<br>Үш қатар сапқа тұрып **жалпы дамытушы жаттығуларын орындау.**<br>**(таяқшамен)**<br>1.Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаның екі шетінен ұстаған қол төменде.<br>2.Екі қолды алға созып<br>3.таяқшаны кеуде тұсына әкелу.<br>4.Бір қатарға келу.<br>1.Бастапқы қалып: аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, қол төменде.<br>2.Қос қолды жоғары көтеру.<br>3.Денені бұрып – оңға иілу<br>4.Денені бұрып – солға иілу.<br>5.Бастапқы қалыпқа келу<br>1.Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, қол төменде.<br>2. Таяқшаны кеуде тұсына ұстау | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Негізгі қимыл жаттығулары:**<br>1.Қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру.<br>2.Затты желке тұсынан оң, сол қолмен лақтыру<br>**Қимылды ойын: Картотека №2**<br>**Тақырыбы**: «Допты домалат»<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, мергендікке үйрету.<br>**Қорытынды.**<br>-Балалар, біз немен жаттығу жасадық? Қимылды ойын сендерге ұнады ма? Балаларды мадақтау, бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді:** Қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыруды білді. Нені меңгерді: Затты желке тұсынан оң, сол қолмен лақтыруды меңгерді. | | 3. Таяқшаны жоғары көтеру.<br>4.Шынтақты бүгіп, иыққа тигізу.<br>5.Бастапқы қалыпқа келу.<br>1.Бастапқы қалып: екі аяқ бірге, қол төменде, таяқша баланың алдында жатады.<br>1.Қос қол белде.<br>2.Тізені сәл бүгіп, таяқшадан секіру<br>3.Бастапқы қалыпқа келу<br>Жәй жүру.<br>**Тыныс алу жаттығулары:**<br>**Картотека № 6**<br>Шарларды мен үремін, Ойнап мен оныммен жүремін.<br>Қызыл,жасыл шарларды,<br>Үрлеймін, мен үрлеймін.<br>(терең тыныс алу)<br>**Негізгі қимыл жаттығулары.**<br>1. Затты желке тұсынан оң, сол қолмен лақтыру.<br>2.Бір қатар сапқа жұптасып тұру. | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Қорытынды:** Балаларды мадақтау.<br>**Қимылды ойын: Картотека №5 «Торғай мен автомобильдер»**<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, шыдамдылыққа үйрету.<br>-Балалар, біз немен жаттығу жасадық? Қимылды ойын сендерге ұнады ма? Балаларды мадақтау, бағалау.<br>**Күтілетін нәтижесі:**<br>**Нені білді:** Балалар затты желке тұсынан оң, сол қолымен лақтыруды білді.<br>**Нені меңгерді:** Балалар бір қатар сапқа жұптасып тұруды меңгерді. | |
| **«Табиғат аясында серуен»** Серуенге дайындық | 10.10-10.30 | Серуенге қызығушылық тұғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.<br>Киімдерін дұрыс кейінуін қадағалау | | | | |
| Серуен: | 10.30-12.00 | **Картотека №3**<br>**1.Ауа райын бақылау** (бүгінгі күн туралы әңгімелеу)<br>Еңбексүйгіш құмырсқа<br>Ерте шығып жұмысқа. | **Картотека №4**<br>**1.Бұлттарды бақылау**.<br>Бұлттар қалай көшеді?<br>Бұлттар қандай түсте?<br>**Жаңылтпаш** | **Картотека №5**<br>**1.Аспандағы қара бұлтты бақылау**<br>Добым, добым домалақ<br>Тоқтамайсың домалап.<br>Тентек болып кеттің деп | **Картотека №6**<br>**1.Өзге топ балаларының іс-әрекетін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын өзге топ балаларының іс әрекетіне | **Картотека №7**<br>**1.Күнді бақылау**<br>Күн көзінің енді жаздағыдай қатты ысытпайтыны туралы әңгімелеу. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жазда астық тасиды,<br>Толтырады ас үйді.<br>**2.Еңбек:** Шашылған қағаздарды жинау.<br>**3.Қимылды ойын:**<br>«Кім артық»<br>**4.Ұжымдық жұмыс:**<br>Допты қағып алуға үйрету.<br>**5.Еркін ойындар.** | Ақ кептер<br>Көк кептер<br>Көп кептер.<br>**2.Еңбек:** Кіші топ балаларына көмектесу.<br>**3.Қимылды ойын**<br>«Мысық пен тышқан»<br>**4.Жеке жұмыс:**<br>Мадияр мен Мунираға ызыдыққа секіруге, орнынан секіруге үйрету.<br>**5.Еркін ойындар.** | Тұрмын сені төпкім кеп.<br>Үстел үстін бүлдірдің<br>Тәрелкені сындырдың.<br>**2.Еңбек:**Айналадағы желмен шашылған қағаз қалдықтарын тазалау<br>**3.Қимылды ойын:**<br>«Алтын жүзік»<br>**4.Ұжымдық жұмыс:**<br>Өздеріне ұнайтын мультфильмдері туралы айтып беру.<br>**5.Еркін ойындар.** | аударып, өздерін қалай ұстайтындарын бақылау арқылы балаларды қырағылыққа, үлгі алуға баулу.<br>**2.Еңбек:** Үйшік айналасын жинау.<br>**3.Қимылды ойын:**<br>«Қуыспақ»<br>**4.Жеке жұмыс:** Жұлдыз бен Айкүміске апта күндерін жаттату.<br>**5.Еркін ойындар.** | **2.Еңбек:** Аяқ киім бауларын байлату.<br>**3.Қимылды ойын:**<br>«Ақсерек көксерек»<br>**4.Жеке жұмыс:** Әли мен Шырайлымға жыл мезгілдерін қайталатып, ерекшеліктерін түсіндіру.<br>**5.Еркіін ойындар.** |
| Серуеннен оралу, гигиеналық шаралар | 12.00-12.20 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуге, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету.<br>Қолдарын сабындап жууға үйрету. | | | | |
| **«Ас дәмді болсын»**<br>Түскі ас | 12.20-13.00 | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу.<br>Үстел- үстінде түзу отыруын қадағалау. | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»**<br>Ұйқыға дайындық, күндізгі ұйқы. | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.<br>Жәй әуенмен ұйқыға бату. | | | | |
| **«Ойнаймыз, сергиміз»**<br>Ұйқыдан біртін деп тұрғызу, сауықтыру және гигеналық шара лар. | 15.10-15.40 | **Ұйқыдан кейінгі жаттығулар:**<br>Картотека №4 « Мысықтар»<br>Картотека №26 «Кел достарым үрлейік»<br>Картотека №5 «Күн ойнады».<br>Мәдени- гигиеналық дағдыларды орындау. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| жеке жұмыс тар. | | | | | | |
| **Бесін ас** | 15.40-16.10 | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу.<br>Тамақ ішкеннен кейін майлықты дұрыс пайдалану. | | | | |
| «Алақай ойын» Вариативтік компонент ұйымдасты рылған оқу қызметі, ойындар ойна ту,оқу- тәрбие жұмыстарын жүргізу. | 16.10-16.40 | **Қимылды ойын**<br>**Картотека №13**<br>**Тақырыбы** «Жасыл қияр»<br>**Мақсаты:**Балалардың шапшаңдығы мен қызығушылығын арттыруға арналған ойын.. | **Қимылды ойын**<br>**Картотека №2**<br>**Тақырыбы:**<br>«Көжектер мен түлкі»<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды аңғарымпаздыққа, кушылыққа баулу | **Дидактикалық ойын**<br>**Картотека №6**<br>**Тақырыбы:**<br>«Қапшықта не бар?»<br>**Мақсаты:** Сипап сезу арқылы ойыншықты атап, сипаттап беруге үйрету. | **Дидактикалық ойн**<br>**Картотека №21**<br>**Тақырыбы:** «Ойлан да тап».<br>**Мақсаты:** Тілдің грамматикасын дұрыс сақтауын қалыптастыру, сөйлеу іскерліктері мен сөздік қорын байыту. | **Вариативтік компонент:**<br>«Бояулар сыр шертеді»<br>**Тақырыбы:** «Мен жақсы көретін ойыншық» (доп)<br>**Мақсаты:** Дөңгелек және сопақша пішіндерден (екі-үш бөліктерден тұратын) ойыншықтардың суретін салуға үйрету<br>**Әдіс - тәсілдері:**<br>Түсіндіру, көрсету, жұмбақ шешу, сергіту.<br>**Көрнекіліктер:**<br>Ойыншықтар, ақ қағаздар, қарындаштар, акварель бояулар, сүлгі, су.<br>**Жүру барысы:**<br>**І.Кіріспе бөлім** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Балалар, айтыңдаршы сендер балабақшада немен ойнайсыңдар?<br>Сендерге қандай ойыншықтар ұнайды?<br>**2. Негізгі бөлімі**<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>Шіркіннің өзіне обал – ақ,<br>Жүреді аяқта домалап. (Доп)<br>Аяғы бар жүрмейді<br>Аузы бар , күлмейді.<br>Айнымайды бөпемнен<br>Тек сөйлеуді білмейді. (Қуыршақ)<br>Бүгін біз сүйікті ойыншықтарымыз туралы айтамыз.<br>Ойыншықтармен қалай ойнау керек?<br>Ойыншықтардың мынадай түрлері болады.<br>Пластмассалы, резиналы, матадан, ағаштан, темірден.<br>**Сергіту сәті:**<br>Оңға , оңға түзу тұр<br>Солға, солға түзу<br>Артқа қарай бір адым |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Алдыға қарай бір адым<br>Жоғары төмен қарайық<br>Орнымызды табайық.<br>Доптың салу әдісін үйрету.Балалар тапсырманы орындайды.<br>Өздеріне ұнайтын түспен бояйды.<br>**3.Қорытынды**<br>Балалар бүгін біз ненің суретін салдық?<br>Доптың пішіні қандай?<br>Доп не істейді?<br>Сендердің сүйікті ойыншықтарың қандай?<br>Әр бала өздерінің салған суреттерін көрсетеді.<br>Қорытындылау.<br>Бағалау. Мадақтау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Дөңгелек пішінді салуға үйренді.<br>Қарындашты бірқалыпты, қатты баспай ұстауға қолын жаттықтырды. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| «Табиғат аясында серуен» Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киімдерін ретімен дұрыс киінуін қадағалау. Серуенге шығу. | | | | |
| Серуен | 16.50 - 17.50 | **Қимылды ойын**<br>**Каротека № 4**<br>**«Қуыспақ»**<br>**Жеке жұмыс:** Нұрай мен Айымға тыйым сөздер айтқызу.<br>**Еркін ойындар** | **Қимылды ойын**<br>«Жұп болып жүгіру»<br>**Жеке жұмыс:**<br>Айсұлтан мен Кәусарға өз киімдарымен әңгіме құрату.<br>**Еркін ойындар** | **Қимылды ойын**<br>**Картотека №8**<br>«Бәйге»<br>**Жеке жұмыс:** Әли мен Нұрайға құрсауға допты дәл түсіруді үйрету<br>**Еркін ойындар** | **Қимылды ойын**<br>**Картотека №9**<br>«Ортаға түспек»<br>**Топтық жұмыс:** екі топқа бөлініп мақал айтып жарысу<br>**Еркін ойындар** | **Қимылды ойын**<br>«Ең мерген кім?»<br>**Жеке жұмыс:** Саян мен Айсұлтанға жұмбақ айтқызу.<br>**Еркін ойындар** |
| Серуеннен оралу | 17.50-18.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуге, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету. | | | | |
| **«Сау бол балабақша»** Ата-аналармен қарым-қатынас, балалардың үйге қайтуы. | 18.00-18.30 | Балалардың тазалығын ата-аналарға ескерту. Үйге кетуге сұрану. | Балалардың жетістігі туралы әңгімелеу. Ата аналарға балаларды ауырған жағдайда міндетті түрде анықтамамен әкелуді ескерту. | Ата- аналарға балаларды табыстау.Төлем ақшаны уақытылы төлеу керек екенін ескерту. | Ата- аналарға ескерту. Балабақшаға уақытынан кешікпей әкеліп,уақытымен алып кетулерін ескерту. | Балалардың демалыс күндеріне сәттілік тілеу. Дүйсенбіге таза келулерін ескерту. |

Scanned with CamScanner

**Бекітемін:** ________

Тәрбиеші: 
Күні: 04.09.2020

**«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы «Айгөлек» ересек тобы**
**Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы.**
**ІІ-апта (07-11 қыркүйек айы 2020 ж.)**
**Өтпелі тақырып: «Балабақша»**
**Тақырыпша: «Менің достарым»**

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 07.09.2020 | Сейсенбі 08.09.2020 | Сәрсенбі 09.09.2020 | Бейсенбі 10.09.2020 | Жұма 11.09.2020 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіз-дер ме, балалар»** Балаларды таңертеңгі қабылдау. Таңертеңгі жаттығу Гигиеналық шаралар. | 8.00-8.30 | Мақсаты: : Балалардың бойында балабақшаға, балаларға, ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға; бірлескен әрекетке қызығушылықты, дамыту.Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп,әдептілік дағдыларын қалыптастыру.Балабақша туралы алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын ұйымдастыру.Сұрақтарға жауап беруге үйрету. Ұқыптылыққа баулу. | | | | |
| | | Балалардың демалыс күндерінің қалай өткендігін әңгімелеу. | Үйде бос болғанда ата-аналарына қалай көмектесетіні туралы сұрау | Балалардан бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. Оларды мадақтау. | Балаларды жылы жүзбен қабылдау.Дене қызуларын өлшеу | Топтағы достары туралы сұрау, оны сипаттап айтқызу. |
| | | **Жаттығулар кешені. Қыркүйек айы: І -ІІ апта; Картотека № 1 (доппен)** | | | | |
| | | Мәдени гигиеналық дағдыларын қалыптастыру.Қолдарын жуып,таңғы асқа отырғызу. | | | | |
| **Таңғы ас** | 8.30 - 8.50 | Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішуге,майлықты дұрыс қолдануға, тамақтан соң алғыс айтуға үйрету. | Үстел басында дұрыс отырып, тамақтануын қадағалау. Ұқыптылыққа баулу. | Майлықты дұрыс пайдалануына көңіл бөлу. | Үстел басында дұрыс отырып, тамақтануын қадағалау. | Тамақтарын тауысып ішуін қадағалау. |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық.** | 8.50-9.00 | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда дидактикалық ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар. | | | | |
| | | **Қимылды ойын: Картотека №8 Тақырыбы:** «Ақ сандық, көк сандық» **Мақсаты:** Балаларды күштілікке, ептілікке, шапшаңдыққа баулу. | **Қимылды ойын: Картотека №9 Тақырыбы:** «Тым-тырақай» **Мақсаты:**Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу. | **Қимылды ойын: Картотека № 10 Тақырыбы:**«Қу түлкі» **Мақсаты:**Балаларды шапшаңдыққа, алғырлыққа үйрету. | **Қимылды ойын: Картотека №11 Тақырыбы:** «Өрмекші мен шыбындар» **Мақсаты:** Балаларды шыдамдылыққа үйрету. | **Қимылды ойын: Картотека №12 Тақырыбы:** «Кім шапшаң?» **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Ойнайық та, ойлайық»** Ұйымдастырыл ған оқу қызметі (үзілістерді қоса алғанда) | 9.00-9.25 | **1.Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Бір қатар сапқа жұптасып тұру. Шығыршықтан шығыршыққа екі аяқпен секіру.<br>**Мақсаты:** Бір қатар сапта жұп болып жүруге үйретуді жалғастыру. Шығыршықтан шығыршыққа екі аяқпен секіруге үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, қимылды ойын.<br>**Көрнекіліктер:** бала санына қарай жіптер, шығыршық, аюдың атрибуты.<br>**Жүру барысы**<br>**Ұйымдастыру бөлімі.**<br>Бір қатар сапқа тұру, орнында жұптасып тұру; өкшеден аяқтың ұшына ауыса, қысқа адым және кең адыммен шашырап жүгіру; сапқа тұру, орындарында жұптасып тұру.<br>**Жалпы дамыту жаттығулары: (жіппен)**<br>1. «жіпті соз» жаттығуы: Бастапқы қалып.: аяқ сәл алшақ, жіптің екі шетінен | **1.Қатынас.**<br>**Шығармашылық**<br>**Көркем әдбиет**<br>Кіріктірілген оқу қызметі: **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Менің достарым»<br>«Досымның портреті»<br>**Мақсаты:** Балаларға «дос» сөзіне түсінік беру, өзінің досының есімін және досы туралы айта білуге үйрету. өзін тануына, достарын бағалауға, бір-біріне көмектесіп қамқор болуға тәрбиелеу. Балаларға портрет жанры жайлы түсінік беру, оларды портрет салу техникасымен орындалу кезеңдерімен таныстыру<br>**Әдіс –тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, әңгімелеу, сұрақ-жауап, қимылды ойын, сергіту сәті.<br>**Көрнекіліктер:** Достыққа байланысты суреттер, доп, ақ | **1.Қатынас**<br>**Таным**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Кіріктірілген оқу қызметі<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** Л.Толстой «Екі дос» әңгімесі. «Аю»<br>**Мақсаты:** Әңгіме мазмұнымен таныстыра отырып, өз ойын толық жеткізуге білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын дамыту, тіл байлығын арттыру. Балаларға қорапшалардан аюдың бейнесін құрастыруды үйрету. Көзін, құлағын, аяқ-қолдарын орналастыра білу дағдысын жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, әңгімелеу, сұрақ-жауап,жағдаяттар, сергіту сәті.<br>**Көрнекіліктер:** «Ек дос» әңгімесінің суреттері, қорапшалар, желім, қайшы.<br>**Жүру барысы.**<br>**Шаттық шеңбері**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де. | **1.Әлеумет**<br>**Шығармашылық**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Кіріктірілген оқу қызметі: **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Менің достарым». «Доп»<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға достық туралы мағлұмат беру.Жанына жақын достары туралы әңгімелеу.Достық ұғымын құрметтеуге тәрбиелеу.Ермексазды домалақтау арқылы допты мүсіндеуді үйрету.Ермексазбен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, ғажайып сәт, сергіту сәті, дидактикалық ойын.<br>**Көрнекіліктер:** Тышқан, ермексаз, тақтайша, сүлгі.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Қандай ғажайып таң! Бәріміз шаттық шеңберіне тұрып, бір- | **1.Таным**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Мен және менің достарым»<br>**Мақсаты:** Балалардың өзін - өзі тануына, достарын құрметтеуге баулу, досының айтқанын аяғына дейін тыңдауға, кез келген уақытта көмектесе білуге тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілдер:** Шаттық шенбері, сұрақ-жауап, дидактикалық ойын, тәжірибе жасау, түсіндіру,көрсету.<br>**Көрнекіліктер:** Көзәйнек, сіріңке, үлестірмелі материалдар.<br>**Жүру барысы:**<br>**Кіріспе:**<br>**Шаттық шенбері**<br>«Достық» шенбері»<br>Балалар, бүгін күн қандай керемет! Біз топта бәріміз бірге тұрамыз. Бізді бір отбасы деп те атауға болады. Мен сендерді қуанышты шенбер құруға шақырамын Достығымызды білдіріп, үлкен шеңбер |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | керіп ұстап, төмен түсіріп тұру.1-2-жіпті жоғары көтеру, оған қарау.жіпті жоғары көтеру, оған қарау.3-4-бастапқы қалыпқа келу.5-6 рет<br>2. «Бұрылу» жаттығуы:Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, жіптің екі шетінен керіп ұстап, иық бойында ұстап тұру.1-оңға бұрылу, қолды оң жаққа созу.2-бастапқы қалып. Сол жаққа орындау. Әр жаққа 5-6 реттен.<br>3. «Сал отыру» жаттығуы. Бастапқы қалып: жіптің екі шетінен ұстап тұру.1-2-сал отыру, арқаны түзу ұстап, өкшені көтеру, жіпті екі жағынан ұстаған күйде қолды алға созу, басты тік ұстау. 3-3-бастапқы қалып 5-6 рет.<br>4. «Еңкею» жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қолды жіппен желке тұсында ұстау. 1-жіпті ұстаған күйде жоғары созу.2-оңға еңкею.3-бастапқы қалып.4-сол жаққа | парақтар, қарындаштар.<br>**Кіріспе бөлім:**<br>**Жүру барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Арайлап таң атты,<br>Күн нұрын таратты.<br>Аспанымыз ашық болсын,<br>Деніміз сау болсын,<br>Достарымыз көп болсын,<br>Қайырлы күн достар!<br>Балалар бүгін біз дос жайлы әңгімелесеміз. «Дос» деген сөз екі немесе бірнеше адам бірге ойнап, бір-біріне кез келген сәтте көмектесе білетін, ренжітпейтін, ойыншықтарын бөлісетін, ұрыспайтын, бірге саябаққа, асханаға, театрға баратын, бірге би-билеп ән айтатын өзара достығын айтамыз.<br>- Балалар біз кез келген баламен дос болу үшін, біз мейірімді, ұқыпты, тәртіпті әр сәтте бір-біріне көмектесе | Қуанайық бәріміз<br>Арайлап атқан күнге.<br>Балалар достықтың әр түрі болады.<br>Балалар арасындағы достық.<br>Жануарларға деген достық.<br>Құстарға деген достық.<br>Табиғатқа деген достық.<br>-Балалар достық деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>Балалар достық дегеніміз-балалардың бір-бірімен достасуы.<br>Жануарларға, құстарға деген достық-жануарларды құстарды күту, қамқор болу, оларды жақсы көру деген сөз. Табиғатқа деген достық-өсімдіктерді күту, табиғатқа жақын болу деген сөз.<br>**Негізгі бөлім:**<br>Біз бүгін достық туралы «Екі жолдас» деген әңгіме оқимыз. Бұл әңгімені орыс жазушысы Лев Толстой жазған. Жазушының суретін көрсету, қысқаша мағлұмат беріп өту. Лев Николаевич Толстой | бірімізге игі тілектерімізді айтайық.<br>**Ғажайып сәт.**<br>Бізге қонаққа келіп тұр. Кім болды екен?<br>(Тышқан жылап кіріп келеді). Тышқанның даусына салып: –Сәлеметсіңдер ме, балалар! Менің көңіл күйім түсіп кетті, өйткені менің достарым жоқ. Қарап тұрсам, сендер өте көңілдісіңдер, сендер көпсіңдер. Мен достардың қандай болатынын да білмеймін. Балалар, алдымен танысып алайық.<br>– Тышқанға көмектесіп, достың қандай болатынын және достық туралы айтып берейік.<br>– Сендердің достарың бар ма?<br>– Достық дегенді қалай түсінесіңдер?<br>Достық тақырыбында әңгіме өткізу.<br>– Достық – адамдардың бір-бірімен жақсы ниетпен | құрайық. -Шеңберіміз неге ұқсайды?<br>-Дұрыс айтасыңдар. «Дөңгелек» татулықтың белгісі, олай болса осы қуанышты көңіл-күйімізбен атқан таңмен, бір-бірімізге амандасайық.<br>Қайырлы таң!<br>Ормандар мен қалалар!<br>Қайырлы таң!<br>Достасқан бәр балалар!<br>Қайырлы таң! Біздің балабақшамыз!<br>Қайырлы таң! Жора-жолдас, ұл мен қыз!<br>**Әңгімелесу.**<br>Балалар, бүгін біз жанымызға, жүрегімізге жақын достарымыз туралы, татулық туралы әңгімелесеміз.<br>**Сұрақтар қою:**<br>-Балалар, сендерге жалғыз ойнаған ұнайды ма?<br>-Неге?<br>-Ал, кіммен біз ойнаймыз?<br>-Дос дегенді қалай түсінесіңдер?<br>**Сергіту сәті:** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | орындау. 4 реттен қайталау.<br>5. «Бүгілу, майысу» жаттығуы.Бастапқы қалып:етбетінен жату, жіп тура созылған қолда.1-3-артқа қарай майысу, жіпті жоғары көтеру.4-бастапқы қалып.5-6 рет.<br>6. «Жіпті бойлай секіру» жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен, жіп жерде, шетте. Жіп бойы алға, артқа секіре жылжу. Секіруді жүрумен алмастыра Жіп бойы алға, артқа секіре жылжу. Секіруді жүрумен алмастыра 3-4 рет қайталау.<br>Аяқтың ұшымен, қолды жоғары көтере жүріп, демді ішке тарту, қолды босаңсытып, төмен түсіріп дем шығару.<br>Жай жүру.<br>Тыныс алу жаттығуы<br>**Негізгі қимыл жаттығулары:**<br>1.Бір қатар сапқа жұптасып тұру.<br>2.Шығыршықтан шығыршыққа екі аяқпен секіру.<br>**Қимылды ойын:** | білетін, жақсы бала болуымыз керек. Егер біз қасымыздағы баланы ренжітіп, ұрсатын болсақ, ол бала бізбен дос болмайды. Сондықтан балалар сендердің достарың көп болсын десеңдер, алдымен өздерің жақсы әрі тәртіпті болуларың керек.<br>- Балалар мына тақтадағы суреттерге қараңдаршы?<br>-Бірінші суретте үш ұл бала бірге бір дастархан жайып, шәй ішіп отыр. Қанекей балалар суреттегі балаларға есім берейікші, шәй құйып отқан баланың есімі Болат, кесе ұстап отырған баланың есімі Тараз, ал қасындағы баланың есімі Айдын. Бұл балалар бір-біріне жақсы достар екен, себебі Тараз бен Айдынды Болат ойыннан соң үйіне шақырып шәй беріп отыр. | орыс әдебиетінің әлемге аты шыққан жазушысы, ағартушы. Ол көптеген әңгімелерді, шығармаларды жазған. Әңгімені оқып беріп, талдау.<br>**Екі жолдас**<br>Екі дос келе жатып, бір аюға кездесіпті. Бұл екі кісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң бұл жігіт, ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетеді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да созылып, өлген кісі болды да жатты. Естуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:<br>— Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті?<br>Ауру досы айтты:<br>— Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екіншіде | араласуы, бірге ойнауы. Балалар, нағыз достың қандай болатынын білесіңдер ме?<br>«Досың туралы айт» жаттығуы .<br>– Досыңның есімі кім?<br>– Сенің досың ұл ма, әлде қыз бала ма?<br>– Досың ызақор ма, әлде мейірімді ме?<br>Тышқан: Балалар, сендерге көп рақмет. Менің кетуім керек. Енді мен дос табатыныма сенімдімін, өйткені мен дос және достықтың не екенін түсіндім.<br>Ендеше балалар, тышқан досын тапқанда сыйлайтындай допты ермексаздан мүсіндеп берейік.<br>**Сергіту сәті**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Беске бесті қосқанда<br>Болып шықты он саусақ.<br>Балаларға үлгісін көрсету. | Жалғыз саусақ тіпті де<br>Ұстай алмас жіпті де<br>Екі саусақ бірікті<br>Ине қолға ілікті<br>Үш саусағым орамды<br>Жүгіртеді қаламды<br>Өнерлі екен он саусақ<br>Қала салсақ, жол салсақ.<br>**Тәжірибе жасау**<br>Тапсырма: Сіріңкенің бір шиін сындыру, сіріңкенің бірнеше шиін сындырту. -Дұрыс айтасыңдар, жалғыз еңбек өнбейді, көппен, достарыңмен бірге бірнеше істі істеуге болады. Сондықтан сендердің де достарың көп болсын.<br>**«Сиқырлы көзәйнек» жаттығуы**<br>-Қазір мен сендерді «Сиқырлы көзәйнек» ойынын ойнауға шақырамын. Бізде сиқырлы көзәйнек бар, ол досыңның ең жақсы қасиетін көруге көмектеседі. Міне ол, қараңдаршы. Мен бірінші болып киіп көрейінші. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 9.45-10.10 | **Картотека №10**<br>**Тақырыбы:** «Ұйқыдағы аю»<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке үйрету.<br>Қорытынды.<br>Балаларды мадақтау, бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді:** Балалар бір қатар сапқа жұптасып тұруды білді.<br>**Нені меңгерді:**<br>Шығыршықтан шығыршыққа екі аяқпен секіруді меңгерді.<br>**2.Таным**<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>«Достарымның ойыншықтары»<br>**Мақсаты:** Заттарды салыстырып қою арқылы тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, жұмбақ шешу, ғажайып сәт, тапсырмалар орындау.<br>**Көрнекіліктер:**<br>Қоян,сәбіздер, текшелер, әр түсті кішкентай доптар, қорапшалар, тәрелкелер.<br>**Жүру барысы** | - Келесі суретте қыздар мен ұлдар бірге қосылып ән айтып, ойыншықтарды бірге бөлісіп, ойнап жүр екен.<br>- Ал, мына суретте ұлдар мен қыздар бірігіп дос болып, далада серуендеп жүр екен. Міне кей балалар ұлдар ұлдармен, қыздар қыздармен және ұлдар,қыздар болып жақсы дос болып ойнауға болады.<br>- Балалар сендердің осы топтың ішінде көптеген жақсы балалар бар, ал достарың барма?<br>- Жарайсыңдар балалар, сендердің достарың көп екен. Ал, ендеше маған өз достарының есімін және достарының жақсы жақтарын айтып беріңдерші?<br>- Қанекей Әли сенің досыңның есімі кім? | қиын кезде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді, — дейді.<br>Әңгімеде кімдер туралы?<br>Неліктен достардың біреуі ағаш басына шығып кетті?<br>Қалай ойлайсыңдар, ол дұрыс істеді ме?<br>Оның орнында сендер болсаңдар не істер едіңдер?<br>Досына қауіп-қатер төніп тұрғанда қашып кеткен дұрыс па?<br>Достық дегенді қалай түсінесіңдер?<br>Достар қандай болады?<br>Доссыз өмір қызықты болады ма?<br>Енді балалар осы достарға қауіп төндірген аюды қорапшалардан құрастырып көрейік.<br>**Сергіту сәті.**<br>**«Көңілді күн»**<br>Балаларға үлгісін көрсету.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Достық неден басталады?»**<br>**Шарты:** Сендерге бірнеше сұрақтар қоямын. Егер оған | Бір айналым сөйлесу арқылы оқу қызметін қорытындылау.<br>Бағалау. Мадақтау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді:** Балалар жанына жақын достары туралы әңгімелей білді.<br>**Нені меңгерді:**<br>Ермексаздан допты мүсіндеуді меңгерді.<br>**2.Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: Допты қос қолмен лақтыру, кеудеге қыспай қағып алу.<br>Гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеу.<br>**Мақсаты:** Допты қос қолмен лақтырып, кеудеге қыспай қағып алу дағдысын жетілдіру.<br>Гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеуді үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, көрсету, қимылды ойын.<br>**Қажетті құралдар:**<br>Бала санына қарай текшелер, доп, | – Сиқырлы көзәйнек Айымның досына ойыншықтарын жинауға әрқашан көмектесетінін айтты. Ал енді Жұлдыз достарының жақсы қасиеттерін көргісі келіп тұр. -Балалар, сендер достарының жақсы қасиеттерін айта білдіңдер. Енді сендер туралы басқа балалар не ойлайды екен, соны тыңдайық.<br>**Қорытындылау:**<br>-Балалар, біз не туралы айттық?<br>-Ал, көңіл-күйлерің қалай?<br>Балаларды мадақтау. Бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді:** Дос болуды, достық құндылықтарын білді..<br>**Нені меңгерді:**<br>Достарына мейірімді бола білуді, адал достық жайлы түсініктері қалыптасу керектігін меңгерді. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Шаттық шеңбері**<br>Сәнденіп даламыз,<br>Сәулетті қаламыз.<br>Сәулеңмен құлпырдың<br>Сәлем,күн анамыз.<br>Балалар, сендерге бір жұмбақ жасырайын<br>Ұзын құлақты,<br>Жылдам аяқты.<br>Сәбізді жақсы көретін.<br>Ол не? (Қоян)<br>Балалар бізге қонаққа қоян келіпті. Бірақ қоянның көңіл күйі жоқ екен.<br>Қоян сен неге көңілсізсің?<br>Қоян жолда келе жатып, екі себеттегі текшелері шашылып қалыпты.<br>Қараңдаршы, қанша текшелер жатыр? (Көп)<br>Балалар мына текшелердің көлеміне қарайықшы. Қандай екен? (үлкен және кіші) Балалар қоянға көмектесеміз бе?<br>Текшелерді екі себетке бөл. Үлкен текшелерді үлкен себетке, кіші текшелерді кіші себетке жинаймыз. Жарайсыңдар, балалар біз қоянға көмектестік.<br>**Сергіту сәті** | -Ал, енді Айым өзінің достарын жайлы айтып берші?<br>- Балалар жалпы біз бір шаңырақтың астында тұрғандықтан, бір-бірімізге әрқашанда дос болып, бір-бірімізге көмектесіп жүрейік.<br>**Сергіту сәті:**<br>Қане достар орнымыздан тұрайық,<br>Қолымызды созайық.<br>Алақанды ашайық,<br>Саусақтарымызды атап шығайық,<br>Басбармағым- ағасы.<br>Балаң үйрек-нағашы,<br>Ортан терек-атасы.<br>Шылдыр шүмек-анасы,<br>Шынашағым-қарлығаш.<br>Барлығына қарындас,<br>Бесеуі де бауырлас.<br>Ағайын, дос, бауырлас!<br>Досымыз туралы айтып жатырмыз, осы досымыздың портретін салуды үйренейік. | келіссеңдер «Иә» деп жауап беріп, қолдарыңды шапалақтайсыңдар.<br>Келіспесеңдер, «Жоқ» деп жауап беріп, қолдарыңды шапалақтамайсыңдар.<br>-Достық татулықтан басталады ма?<br>-Достық төбелестен басталады ма?<br>-Достыққа мейірімділік жараса ма?<br>-Достық реніжуден бастала ма?<br>-Достыққа адалдық жараса ма?<br>-Достық мазақтағаннан бастала ма?<br>**Жағдаяттарды талдау.**<br>1.Сырым мен Жанар дос болатын.Бірде Сырымның лақтырған добы Жанардың басына барып тиді. Сырым добын домалатып теуіп ала жөнелді.<br>Сырым жасағанын дұрыс деп айтуға болады ма?<br>2.Сендер ролик теуіп жүрсіңдер,ал досың қарап тұр. Сендердің әрекеттерің? | гимнастикалық орындық.<br>**Жүру барысы:**<br>**І.Кіріспе бөлім:**<br>-Бір тізбекте тұру.<br>-Бірінің артынан бірі жүру.<br>- Аяқтың ұшымен жүру.<br>-Екі қолды желкеге қойып өкшемен жүру.<br>-Бір бүйірмен оңға қарап жүгіру.<br>-Бір бүйірмен солға қарап жүгіру.<br>-Екі қолды тізеге қойып жартылай отырып жүру.<br>-Шапшаң жүру.<br>-Баяу жүгіру.<br>Үш қатар сапқа тұрып **жалпы дамытушы жаттығуларын орындау.**<br>**(текшелермен)**<br>1. Бастапқы қалып: өкше түйістірілген, текшелер төмен түсірілген екі қолда. Текшелерді алға созып, бір-біріне соғу, түсіру (5 рет).<br>2. Бастапқы қалып: сондай, текшелер арқаға | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Ұзын құлақ сұр қоян<br>Естіп қалып сыбдырды,<br>Ойлы-қырлы жерлермен<br>Ытқып-ытқып жүгірді.<br>Балалар тарелканың түсі қандай екен?<br>Екі тарелкеге бес сәбізден салдық. Қайсысы көп?<br>Ия, екеуі тең екен.<br>Ал қызыл тарелкеден бір сәбізді алсам, тең емес болады екен.<br>Балалар қоян сендерге ризашылығын білдіріп жатыр<br>Балалар қоян бізде қонақ болып қалсынба? Олай болса баріміз бірге тату дос болып, түрлі-түсті текшелерден қоянға үлкен әдемі үй құрастырып берейік.<br>Жарайсыңдар. Қоянға өте ұнады.<br>**Дидактикалық ойын**<br>«Түсіне сәйкестендір»<br>Ойынның шарты: Түрлі-түсті доптарды өз қорапшасына сал.<br>**Көзге арналған жаттығу:**<br>Көзімізді ашайық, басымызды қозғалтпай көзімізді: Оңға, солға, | Портрет дегеніміз адамның бейнесін салу деген сөз.<br>Балаларға үлгісін көрсету.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Сөз ойла, тез ойла»**<br>**Ойын шарты:**<br>қолымдағы допты кез келген балаға бір сөз айтып беремін, ал допты тосып алған бала қайта өзіме кері допты беру кезінде, кез келген бір сөз айту керек. Мысалы: орындық, кілем, бала, қыз, жақсы, жаман, доп, ойыншық.<br>**Қорытынды.**<br>Жақсы дос болу үшін, сендер қандай болуларың қажет?<br>Қорытындылау.<br>Мадақтау. Бағалау.<br>**2.Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**:<br>Шығыршықтан шығыршыққа екі аяқпен секіру.<br>Допты қос қолмен лақтыру, кеудеге қыспай қағып алу. | 3.Жолда әже келе жатты қолында сөмкесі бар, байқамай қағып кеттің. Сендер не істейсіңдер?<br>**Қорытынды:**<br>Балалар, біз бүгін оқу іс-әрекетімізде адал достық, мейірімділік, сыйластық жайлы әңгімелестік. Достар әрқашан бір-біріне қамқорлық көрсетіп, қажет нәрселермен бөліседі. Балаларды мақтап, мадақтау.<br>2.**Шығармашылық.**<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Достық»<br>**Мақсаты:** Ырғақты сезіне білуге, ән тыңдауға баулу, әуен ырғағымен қимыл-қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл-күй сезімін ояту. | ұсталған қолда. Отыру, текшелерді еденге қою, тұру, түзелу, қолды арқадан алу. Отыру, текшелерді алу, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет).<br>3. Бастапқы қалып: аяқты айқастырып, отыру, текшелер тізеге қойылған екі қолда. Оңға бұрылу, текшені өзінің арт жағына қою, түзелу. Сондай жаттығуды басқа жаққа бұрылып жасау (әр жаққа 3 реттен).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақтатылған, текшелер еденге қойылған. Бір орында жүрумен кезектестіріп, текшелерді айналып, секіру (2 рет).<br>Жай жүру.<br>**Тыныс алу жаттығулары:**<br>**Картотека № 6**<br>Шарларды мен үремін,<br>Ойнап мен онымен жүремін.<br>Қызыл,жасыл шарларды, | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жоғары-төмен қараймыз.<br>(2-3 рет қайталау)<br>**Қорытынды.**<br>Балалар бүгін бізге қонаққа не келді?<br>Қоянға қалай көмектестік?<br>Балалар сендерге бүгінгі оқу қызметі қызық болдыма?<br>**Кері байланыс:**<br>Күннің суреті- түсіндім<br>Бұлттың суреті- түсінбедім<br>Балаларды мадақтау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді:** Санына қарай заттарды салыстыра білді.<br>**Нені меңгерді:** Заттардың көлеміне қарай ( үлкен - кіші) ажыратуды меңгерді. | **Мақсаты:**<br>Шығыршықтан-шығыршыққа екі аяқпен секіруді бекіту және допты қос қолмен лақтырып, кеудеге қыспай қағып алуды үйрету<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, көрсету, қимылды ойын.<br>**Қажетті құралдар:**<br>бала санына қарай кішкентай доптар, шығыршық, доп.<br>**Жүру барысы:**<br>**Кіріспе бөлім**<br>-Бір тізбекте тұру.<br>-Бірінің артынан бірі жүру.<br>- Аяқтың ұшымен жүру.<br>-Екі қолды желкеге қойып өкшемен жүру.<br>-Бір бүйірмен оңға қарап жүгіру.<br>-Бір бүйірмен солға қарап жүгіру.<br>-Екі қолды тізеге қойып жартылай жүрелеп жүру.<br>-Шашырай жүру.<br>-Баяу жүгіру. | | Үрлеймін, мен үрлеймін.<br>(терең тыныс алу)<br>**Негізгі қимыл жаттығулары.**<br>1. Допты қос қолмен лақтыру, кеудеге қыспай қағып алу.<br>2.Гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеу.<br>**Қорытынды:**<br>Балаларды мадақтау.<br>**Қимылды ойын:**<br>**Картотека №11**<br>**«Төбеде доп қуу»**<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, шыдамдылыққа үйрету.<br>Қорытындылау.<br>Балаларды мадақтау, бағалау.<br>**Күтілетін нәтижесі:**<br>**Нені білді:** Балалар гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеуді білді.<br>**Нені меңгерді:** Балалар допты қос қолмен лақтырып, кеудеге қыспай қағып алуды меңгерді. | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Үш қатар сапқа тұрып **жалпы дамытушы жаттығуларын орындау. (Кішкентай доппен)**<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, доп қолда. 1- қолдарымызды екі жаққа созамыз; 2- қолымызды жоғары көтереміз, допты екінші қолға ауыстырып қоямыз. 3- қолдарымызды екі жаққа созамыз. 4- бастапқы қалыпқа келеміз.<br>Бастапқы қалып: аяқты екі иықтың деңгейіне қойып, допты оң қолға аламыз. 1- оң қолға қарай иілу. 2-3- допты оң аяқтан сол аяққа қарай домалату және керісінше орындау. 4- бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қарай орындау.<br>Бастапқы қалып: еденде отырып, допты табанмен қысып, қолды артқа қарай | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | тіреу. 1-2- аяқты түзу ұстап көтеру, допты түсірмеуге тырысу; 3-4- бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: етбетінен жатып, басынан асра қолдарын созып, допты ұстау. 12- қолдарын және оң аяғын алға қарай түзу созу, допты аяққа тигізу; 3-4- бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қарай қайталау.<br>Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл ғана ашылған , доп оң қолда. Допты оң қолмен еденге соғу, ыршыған допты қағып алу.<br>Бастапқы қалып: допты оң қолмен лақтырып, екі қолмен қағып алу.<br>**Тыныс алу жаттығуы**<br>**Негізгі қимыл жаттығулары:**<br>1. Шығыршықтан шығыршыққа екі аяқпен секіру. | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2.Допты қос қолмен лақтыру, кеудеге қыспай қағып алу.<br>**Қимылды ойын:**<br>**Картотека №13**<br>**Тақырыбы**: «Тым-тырақай»<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке үйрету.<br>Қорытындылау, мадақтау, бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді:** Допты қос қолмен лақтырып, кеудеге қыспай қағып алуды білді.<br>**Нені меңгерді:** Шығыршықтан шығыршыққа екі аяқпен секіруді меңгерді. | | | |
| **«Табиғат аясында серуен»** Серуенге дайындық | 10.10-10.30 | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.<br>Киімдерін дұрыс кейінуін қадағалау | | | | |
| Серуен: | 10.30-12.00 | **Картотека №8**<br>**1.Аспанды бақылау** | **Картотека №9**<br>**1.Ауа-райын бақылау.** | **Картотека №10**<br>**1.Айналаны бақылау**<br>Күздің айларын атаңдар? | **Картотека №11**<br>**1.Күнді бақылау** | **Картотека №12**<br>**1.Мектепті бақылау** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Күзде неге жер балшық болады?<br>Көктемгі жаңбыр мен күзгі жаңбырдың қандай айырмашылығы бар?<br>**Жұмбақ**<br>Айдаһар аузын ашса, арс етеді,<br>Гауһары жерге түссе жарк етеді. (Найзағай)<br>**2.Еңбек:** Айналаны тазалау.<br>**3. Қимылды ойын:**<br>«Құстар мен мысық»<br>**4.Жеке жұмыс:** Мунира мен Мадиярға кеңістікті бағдарлауды үйретуді жетілдіру.<br>**5.Еркін ойындар.** | Ауа райы қандай екен?<br>Көктемде қандай өзгерістер болады?<br>**Мақал-мәтелдер**<br>1.Қысына қарай көктемі,<br>Диқанына қарай өнімі.<br>2. Ағаш еккенге бітеді.<br>Мал баққанға бітеді.<br>**2.Еңбек:**Айналадағы желмен шашылған қағаз қалдықтарын тазалау.<br>**3.Қимылды ойын:**<br>«Аю орманда»<br>**4.Ұжымдық жұмыс:**<br>«Көк тудың желбірегені» әнін жаттау.<br>**5.Еркін ойындар.** | Ана<br>Анам менің сүйікті,<br>Қарақаттай көздері.<br>Жаныма жылы тиеді,<br>Өзілмен айтқан сөздері.<br>**2.Еңбек:** Үйшік айналасын жинау.<br>**3.Қимылды ойын:** «Өз жұбыңды тап»<br>**4.Жеке жұмыс:** Тамерлан мен Саянға туыстық атауларды үйрету.<br>**5.Еркін ойындар.** | Күзгі табиғат пен қысқы табиғатты салыстыр.<br>Күзде күн көзі қалай түседі?<br>**2.Еңбек:** Аула сыпырушыға көмектесу.<br>**3.Қимылды ойын:**<br>«Ақсерек көксерек»<br>**4.Жеке жұмыс:** Каусар мен Тамерланға түстерді қайталату.<br>**5.Еркін ойындар.** | Мектепте балалар не істейді?<br>Балалар қалай киінген?<br>**2.Еңбек:** Құстарға нан үгінділерін беру.<br>**3.Қимылды ойын:**<br>«Аттар»<br>**3.Жеке жұмыс:**<br>Нұрайға түстерді қайталатып, жаттату.<br>**4.Еңбек:** Құстарға нан үгінділерін беру.<br>**5.Еркін ойындар.** |
| Серуеннен оралу, гигеналық шаралар | 12.00-12.20 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуге, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету.<br>Қолдарын сабындап жууға үйрету. | | | | |
| **«Ас дәмді болсын»**<br>Түскі ас | 12.20-13.00 | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу.<br>Үстел- үстінде түзу отыруын қадағалау. | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»**<br>Ұйқыға дайындық, күндізгі ұйқы. | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.<br>Жай әуенмен ұйқыға бату. | | | | |
| **«Ойнаймыз, сергиміз»**<br>Ұйқыдан | 15.10-15.40 | **Ұйқыдан кейінгі жаттығулар:**<br>Картотека №4 « Мысықтар»<br>Картотека №26 «Кел достарым үрлейік» | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| біртін деп тұрғызу, сауықтыру және гигеналық шара лар, жеке жұмыс тар. | | Картотека №5 «Күн ойнады». Мәдени- гигиеналық дағдыларды орындау. | | | | |
| **Бесін ас** | 15.40-16.10 | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу. Тамақ ішкеннен кейін майлықты дұрыс пайдалану. | | | | |
| «Алақай ойын» Вариативтік компонент ұйымдасты рылған оқу қызметі, ойындар ойна ту,оқу- тәрбие жұмыстарын жүргізу. | 16.10-16.40 | **Вариативтік компонент:** «Қызықты математика» **Тақырыбы:** «Хайуанаттар бағындағы қызықтар» **Мақсаты:** Балаларға хайуанаттар туралы түсінік беру, жабайы аңдар туралы білімдерін тиянақтау. Аңдардың кейбір ерекшеліктерін салыстыра айтуға үйрету арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. **Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, жұмбақ шешу, логикалық тапсырмалар. **Көрнекіліктер:** аңдардың карточкалары, үн таспа, сызба тапсырмалар, логикалық тапсырма, «Танграм» ойыны, «Игровизор», | **Қимылды ойын Картотека №13 Тақырыбы:** «Аюдың апанында» **Мақсаты:** Балалардың қимыл қозғалысын жетілдіру.Аю болып жүруге үйрету. | **Сюжетті-рөлді ойын: Тақырыбы:** «Дүкенші» **Мақсаты:** Балаларды аңғарымпаздыққа, ұқыптылыққа үйрету. Сөздік қорларын, адамға әдеби қарым-қатынасын қалыптастыру. | **Картотека №9 Тақырыбы:** «Ұшақтар» **Мақсаты:** Балаларды жан-жаққа жүгіруге үйрету. | **Вариативтік компонент:** «Бояулар сыр шертеді» **Тақырыбы:** «Бұлт күнді жапты» **Мақсаты:** Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың қалқалаған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру. **Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету,тақпақ оқу, сергіту сәті. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Жүру барысы.**<br>Жұмбақтарды шешсек біз хайуанаттар бағына барамыз. 1.Қалқиып қос құлағы, Елеңдеп қорқып тұрады. (қоян)<br>2.Қорықпайды күшті аңнан, Қорқады тек тышқаннан (піл)<br>3.Айбарлы түрі бар,<br>Қанжардай тісі бар,<br>Бойында тасыған күші бар<br>Күжірейген жалды.<br>(арыстан)<br>Білсең айт бұл аңды.<br>4.Халық «қу» деп,<br>Қылған күлкі Айласы көп.<br>Бұл не? (Түлкі)<br>«Қайсысы қай баспанада тұрады?»<br>-Ең биік үйде керік тұрады,<br>-ортаншы үйде елік тұрады,<br>-ең кіші үйде қоян тұрады.<br>-Хайуанаттардың қай баспанада тұратынын сызба арқылы белгілейді<br>**1-тапсырма**:«Балаларды сызық арқылы хайуанаттар бағына жеткіз»<br>**2-тапсырма** Логикалық есептер(салыстыр)<br>Піл аюдан кіші, ал аю қояннан кіші, қандай | | | | **Көрнекіліктер**: Күз мезгілінің суреті,үлгі суреттер, ақ қағаздар, акварель бояулар, су, қылқалам, қарындаш.<br>**Жүру барысы.**<br>Тақпақ оқу<br>Сұр бұлт, түсі суық, қаптайды аспан.<br>Күз келіп дымқыл тұман жерді басқан.<br>Балалар далаға қараңдаршы.<br>Далалада күн бұлтты болып тұр. Бұлт күнді жөні жауып тұрады. Өйткені күз мезгілі келді.<br>Кәне, балалар мына сөздерді айтып тілімізді жаттықтырамыз:<br>сұр бұлт, ақ бұлт,күз. Мына суретке қараңдаршы.<br>Бұл суретте ауа – райының бұлтты екенін көрсеткен.<br>Кәне, балалар осы суретке қарап күннің көзін жапқан бұлттың суретін саламыз. Күздігүні |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ойыншық барлығынан үлкен?<br>2)Құрбақа бегемоттан қысқа, бірақ есектен үлкен.Қандай ойыншық барлығынан қысқа? 3) Жираф, сайқымазақтан сайқымазақтан қысқа, бірақ Зебрадан ұзын. Бәрінен ұзыны не?боя.<br>**3-тапсырма:** «Адасқан түлкі мен аюды шыршаға жеткіз».<br>**Дидактикалық ойын: «Танграм»** «Менің сүйікті жануарым»<br>**Қорытынды.**<br>Балалар,біз бүгін қандай тапсырмаларды орындадық, хайуанаттар қайда тұрады? Хайуанаттар бағында ұнаған жануарды ата? Ұнаған жануарды көрсет?<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді:** хайуанаттарды бір-бірінен ажырата біледі.<br>**Нені меңгерді**: ұзын-аласа салыстыруды, танграм әдісі арқылы құрастыруды меңгерді. | | | | аспан түсті болмайды. Сұр бұлтты, көк түсті болады.<br>Алдымыздағы қылқаламды сұр түске бояп, аспанды көк түске бояймыз.<br>**Сергіту сәті:** «Қуырмаш»<br>Бас – бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Біз үйде біз бесеуміз.<br>Жарайсыңдар балалар!<br>Қорытындылау.<br>Бағалау. Мадақтау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Балалар күзгі табиғаттағы ерекшеліктерді. тамшыны дөңгелекке, сопақшаға ұқсатып, айландырып бояуды меңгерді. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| «Табиғат аясында серуен» Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киімдерін ретімен дұрыс киінуін қадағалау. Серуенге шығу. | | | | |
| Серуен | 16.50 - 17.50 | **Қимылды ойын** **«Жалаушаға қарай жүгір»** **Жеке жұмыс:** Айсұлтан мен Шырайлымға мақал-мәтел айтқызу. **Еркін ойындар** | **Қимылды ойын** «Өз жұбыңды тап» **Жеке жұмыс:** Тамерлан мен Мадиярға «Үйшік» ертегісін айтқызу. **Еркін ойындар** | **Қимылды ойын** «Қуыспақ» **Жеке жұмыс:** Әли мен Айкүміске допты кеудеге қыспай қағып алуды үйрету. **Еркін ойындар** | **Қимылды ойын** «Тышқан мен мысық» **Топтық жұмыс:** екі топқа бөлініп тақпақ айтып жарысу **Еркін ойындар** | **Қимылды ойын** «Ақсерек-көксерек» **Жеке жұмыс:** Айым мен Саянға апта күндерін қайталату. **Еркін ойындар** |
| Серуеннен оралу | 17.50-18.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуге, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету. | | | | |
| **«Сау бол балабақша»** Ата-аналармен қарым-қатынас, балалардың үйге қайтуы. | 18.00-18.30 | Балалардың тазалығын ата-аналарға ескерту. Үйге кетуге сұрану. | Балалардың жетістігі туралы әңгімелеу. Үйде бос уақытта баламен әңгімелесуге көп күш салуды ескерту. | Ата- аналарға балаларды табыстау.Төлем ақшаны уақытылы төлеу керек екенін ескерту. | Ата- аналарға ескерту. Балабақшаға уақытынан кешікпей әкеліп,уақытымен алып кетулерін ескерту. | Балалардың демалыс күндеріне сәттілік тілеу. Дүйсенбіге таза келулерін ескерту. |

Scanned with CamScanner

**Бекітемін:**_______________

Зәуклер: [illegible]

күні: 11.09.2020

**«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы «Айгөлек» ересек тобы**
**Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы.**
**ІІІ-апта (14-18 қыркүйек айы 2020 ж.)**
**Өтпелі тақырып: «Балабақша»**
**Тақырыпша: «Менің сүйікті ойыншықтарым»**

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 14.09.2020 | Сейсенбі 15.09.2020 | Сәрсенбі 16.09.2020 | Бейсенбі 17.09.2020 | Жұма 18.09.2020 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіздер ме, балалар»** Балаларды таңертеңгі қабылдау. Таңертеңгі жаттығу Гигиеналық шаралар. | 8.00-8.30 | Мақсаты: : Балалардың бойында балабақшаға, балаларға, ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға; бірлескен әрекетке қызығушылықты, дамыту.Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп,әдептілік дағдыларын қалыптастыру.Балабақша туралы алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын ұйымдастыру.Сұрақтарға жауап беруге үйрету. Ұқыптылыққа баулу. | | | | |
| | | Балалардың демалыс күндерінің қалай өткендігін әңгімелеу. | Үйде бос уақыттарын қалай тиімді пайдаланатыны жөнінде әңгімелесу | Балалардан бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. Оларды мадақтау. | Балаларды жылы жүзбен қабылдау.Дене қызуларын өлшеу | Топтағы сүйікті ойыншықтары туралы сұрау, оны сипаттап айтқызу. |
| | | **Жаттығулар кешені. Қыркүйек айы: ІІІ-IV апта; Картотека № 2 ( көңілді әуен)** | | | | |
| | | Мәдени гигиеналық дағдыларын қалыптастыру.Қолдарын жуып,таңғы асқа отырғызу. | | | | |
| **Таңғы ас** | 8.30 - 8.50 | Майлықты дұрыс пайдалануына көңіл бөлу. | Тамақтарын тауысып ішулерін қадағалау. | Үстел басында дұрыс отырып, тамақтануын қадағалау. Ұқыптылыққа баулу. | Үстел басында дұрыс отырып, тамақтануын қадағалау. | Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішуге,майлықты дұрыс қолдануға, тамақтан соң алғыс айтуға үйрету. |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық.** | 8.50-9.00 | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда дидактикалық ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар. | | | | |
| | | **Қимылды ойын: Картотека №17** **Тақырыбы:** «Тату-тәтті отбасы» **Мақсаты:** Балалардың танымдық қабілетін дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **Қимылды ойын: Картотека №16** **Тақырыбы:** «Автомобильдер» **Мақсаты:**Балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **Қимылды ойын: Картотека № 15** **Тақырыбы:**«Аралар» **Мақсаты:**Балалардың зейінін, есту қабілетін дамыту. | **Қимылды ойын: Картотека №11** **Тақырыбы:** «Өрмекші мен шыбындар» **Мақсаты:** Балаларды шыдамдылыққа үйрету. | **Қимылды ойын: Картотека №12** **Тақырыбы:** «Кім шапшаң?» **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Ойнайық та, ойлайық»**<br>Ұйымдастыр ыл ған оқу қызметі (үзілістерді қоса алғанда) | 9.00-9.25 | **Білім беру саласы**<br>**1.Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>Гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеу.<br>Бір қолмен бір-біріне доп лақтыру.<br>**Мақсаты:** Балаларға гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеуге жаттықтыру. Бір қолмен бір-біріне доп лақтыруға үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, қимылды ойын.<br>**Көрнекіліктер:** бала санына қарай таяқшалар, гимнастикалық орындық, доп, кішкене әр түсті доптар.<br>**Жүру барысы**<br>**Ұйымдастыру бөлімі.**<br>Бір қатар сапқа тұру, орнында жұптасып тұру; өкшеден аяқтың ұшына ауыса, қысқа адым және кең адыммен шашырап жүгіру; сапқа тұру, орындарында жұптасып тұру.<br>Үш қатар сапқа тұрғызу. | **Білім беру саласы**<br>**1.Қатынас.**<br>**Шығармашылық**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Кіріктірілген оқу қызметі: **Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** «Біздің ойыншықтар»<br>«Менің көңілді добым»<br>**Мақсаты:** Балаларды ойыншықтарды суреттеп сипаттау кезінде сөйлеудің қарапайым құрылымы туралы түсінігін қалыптастыру, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту, өз ойыншығына деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.<br>Қайшыны пайдалана отырып, дөңгелек пішінді қиып алу, кеңістікте дұрыс орналастыра білу.<br>Балаларды ұқыпты жұмыс жасай білуге үйрету.<br>**Әдіс –тәсілдер:**<br>Түсіндіру, көрсету, әңгімелеу, сұрақ-жауап,ғажайып сәт, | 1.**Білім беру саласы:**<br>**Қатынас**<br>Орыс тілі<br>**Тема:**Мои любимые игрушки<br>**Цель:**Мои любимые игрушки формировать представление о геометрических фигурах.Умение описывать предмет, сравнение по размеру.<br><br>2.**Шығармашылық.**<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Біз көңілді қуыршақ»<br>**Мақсаты:** Музыкалық есту қабілеттерін арттыру, ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға үйрету. | **Білім беру саласы**<br>**1.Таным**<br>**Шығармашылық**<br>**Жаратылыстану**<br>Кіріктірілген оқу қызметі: **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>Ойыншықтар еліне саяхат<br>«Қонжыққа арналған мұнара».<br>**Мақсаты:** Балаларға ойыншықтар туралы түсінік беру, қандай материалдардан жасалғаны жөнінде мағлұмат беру.<br>Мұнара ойыншығының түстерін атап,түрлі түсті, көлемі бойынша үлкеннен кішіге қарай дөңгелек етіп салуға үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>Түсіндіру, көрсету, тосын сәт, сергіту сәті, саяхат.<br>**Көрнекіліктер:**<br>Ойыншықтар, үстел, ақ қағаздар, акварель бояулар, қылқалам.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Ойыншықпенен денеміз,<br>Шынығамыз өсеміз. | **Білім беру саласы**<br>**1.Шығармашылық**<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Біз көңілді қуыршақ» (қайталау)<br>**Мақсаты:** Музыкалық есту қабілеттерін арттыру, ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға үйрету.<br>**Білім беру саласы**<br>**2.Қатынас**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>«Ойыншықтар айтысы» әңгіме<br>**Мақсаты:**Өзінің сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелеуге, сипаттауға үйрету.<br>«Ойыншықтар айтысы» әңгіме арқ ылы өз ойыншығына деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.<br>**Әдіс-тәсілдер:** Шаттық шеңбері, сұрақ-жауап, ғажайып сәт , түсіндіру,көрсету.<br>**Көрнекіліктер:**<br>Топтағы ойыншықтар, перизат.<br>**Жүру барысы:** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Жалпы даму жаттығулары. (таяқшамен)**<br>1.Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаның екі шетінен ұстаған қол төменде.<br>2.Екі қолды алға созып<br>3.таяқшаны кеуде тұсына әкелу.<br>4.Бір қатарға келу.<br>1.Бастапқы қалып: аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, қол төменде.<br>2.Қос қолды жоғары көтеру.<br>3.Денені бұрып – оңға иілу<br>4.Денені бұрып – солға иілу.<br>5.Бастапқы қалыпқа келу<br>1.Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, қол төменде.<br>2. Таяқшаны кеуде тұсына ұстау<br>3. Таяқшаны жоғары көтеру.<br>4.Шынтақты бүгіп, иыққа тигізу.<br>5.Бастапқы қалыпқа келу.<br>1.Бастапқы қалып: екі аяқ бірге, қол төменде, таяқша баланың алдында жатады.<br>1.Қос қол белде. | жұмбақ шешу, тапсырмалар орындау, дидактикалық ойын, сергіту сәті.<br>**Көрнекіліктер:**<br>Ойыншықтар, шах, сандықша, түрлі-түсті қағаздар, қайшы, желім, ақ қағаздар.<br>**Кіріспе бөлім:**<br>***Жүру барысы:***<br>**Шаттық шеңбер**<br>Біз ұқыпты баламыз<br>Айтқан тілді аламыз<br>Ойыншықтарды жинаймыз<br>Үлкендерді сыйлаймыз<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>Күз мезгілінің неше айы бар?<br>Қазір күздің қай айы?<br>Бүгін ауа-райы қандай болып тұр?<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>1.Аяғы бар жүрмейді<br>Ауызы бар күлмейді<br>Айнымайды бөпемнен<br>Тек сөйлеуді білмейді.<br>2.Суға салсаң батпайды<br>Түскен жерге жатпайды | | Жылдан жылға бір жылға,<br>Үлкен болып өсеміз.<br>-Балалар сендер немен ойнайсыңдар?<br>-Ойыншықпен<br>-Қане, балалар сүйікті ойыншығымызды атайықшы.<br>-Қуыршақ, машина, доп т.б.<br>- Балалар саяхатқа шыққанды ұнатасыңдар ма?<br>-Иә,ұнайды.<br>Негізгі бөлім.<br>Тосын сәт: Осы кезде Нұрай жылап келеді ойыншығын жоғалтып алып.<br>- Балалар Нұрайға көмектесеміз бе ойыншығын тауып беруге және ойыншығын табу үшін өзімізбен бірге саяхатқа алып шығамыз ба?<br>- Иә, алып шығамыз.<br>- Жарайсыңдар балалар ендеше ойыншықтар әлеміне саяхатқа жол тартайық. Үш столда ағаштан, резеңкеден және пластмасса мен мақтадан жасалған | **Кіріспе:**<br>**Шаттық шеңбері**<br>Қуанамын мен де, қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Арайлап атқан күнге.<br>Бүгінгі күніміз сәтті өтсін.<br>Бәріңе сәттілік тілеймін!<br>Ғажайып қалтаға салынған ойыншық түрлерін алып келіп, балаларға тарату.<br>Әрқайсысы алған ойыншықтарын сипаттайды.<br>-Бүгін - ойыншықтар мерекесі. Бізге көп ойыншықтар қонаққа келіпті. Біздің көрмеге ойыншықты күтіп ұстайтын мейірімді Перизат та (Фея) келіпті. Қош келдіңіз.<br>Балалар Перизатқа ойыншық туралы өз ойларын айтады.<br>Мейірімді Перизат сұрақтар қойды.<br>-Ойыншық не үшін керек және ол неден жасалады? |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 9.45-<br>10.10 | 2.Тізені сәл бүгіп, таяқшадан секіру<br>3.Бастапқы қалыпқа келу<br>**Тыныс алу жаттығуы:**<br>1.Аяқ арасы алшақ, таяқшаны қос қолмен екі шетінен жоғары көтеру, ауа жұту.<br>2.Таяқшаны кеуде тұсына әкеліп, мұрнымен дем шығару.<br>**Негізгі қимыл жаттығулары:**<br>1. Гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеу.<br>2.Бір қолмен бір-біріне доп лақтыру.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Менің добым»<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>Тынысалу жаттығуы.<br>Балаларды мадақтау, бағалау, қорытындылау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді**:Балалар бір қолмен бір-біріне доп лақтыруға үйренді.<br>**Нені меңгерді:** Балалар гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеуді меңгерді.<br>Білім беру саласы: | Сендер ойыншық деген сөзді балабақшада күнде естисіңдер ия<br>Қандай ойыншықтарды білесіңдер?<br>Дұрыс айтасыңдар.<br>Ойыншықтар жасалуына қарай бірнеше түрлерге бөлінеді. Мысалы.: ағаштан, темірден, резеңкеден, пластмассадан, матадан жасалады.<br>Ал бәріміз тақтаға қарайықшы. Суреттен қандай ойыншықтарды көріп тұрсыңдар?<br>**Ғажайып сәт:**<br>Музыка ойнап тұрады. Есікті біреу қағады. Балалар тыңдайықшы есікті біреу қағып тұр.<br>Шах кіреді. Қолында сиқырлы сандықшасы бар.Балалармен амандасады:<br>Сәлеметсіңдерме балалар!<br>Шах:Балалар мен сендерге мына | | ойыншықтар тұрады.<br>Балалар мына жердегі не екен қарайықшы.<br>Жаймендеп бетін ашайықшы және Нұрайдың ойыншығын іздейік?<br>- Балалар мынау қандай ойыншық?<br>Түсі қандай?<br>Пішіні қандай?<br>Неден жасалған?<br>Нұрай осының ішінде сенің ойыншығың бар ма?<br>Нұрай: Көре алмай тұрмын өз ойыншығымды.<br>Балалар: Бұл доп.<br>Пішіні дөңгелек.<br>Резеңкеден жасалған.<br>Түсі сары.<br>- Жарайсыңдар, ендеше мына столдағына көрейік. Мынау қандай ойыншық? Пішіні қандай?<br>Неден жасалған?<br>Түсі қандай?<br>Нұрай осының ішінде сенің ойыншығың бар ма?<br>Нұрай: Мына ойыншықтардың ішінен таба алмадым. | -Өздерің ойыншықты қалай күтіп ұстайсыңдар?<br>-Аю, доп, қоян, қуыршақтардың бәрін жалпы қалай атауға болады?<br>Көңіл күйлі көтеру.<br>Ойыншықтарды шашамыз,<br>Шашамызда жинаймыз,<br>Бөлмемізді өрнектеп,<br>Мерекеге біз дайын.<br>Барлық балалар ойыншықтарды аралап көріп шығады. Қолмен ұстап көреді.<br>Балалардың біреуі өзінің сүйікті ойыншығын сипаттап айтады.<br>«Ойыншықтар» деген сөзге сөйлем құрастыру.<br>«Ойыншықтар айтысы» *әңгімесін оқу.*<br>Кішкентай Сәнияның ойыншықтары көп. Туған күніне сыйлаған ойыншықтары қаншама. Неше түрлі қуыршақтар аю, қоян, ит және т.б. бөлмесіндегі ойыншықтар |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **2.Таным**<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>Ойыншықтар дүкені.<br>**Мақсаты:** Ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту. Сан мен заттардың арасындағы сәйкестікті орнату. Геометриялық пішіндермен денелерді ажырата білуге баулу, кеңістік қатынастармен (оң,сол, астында, үстінде, арасында) дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, тапсырмалар орындау, дидактикалық ойын<br>**Көрнекіліктер:** Шкаф, ойыншықтар, дидактикалық ойынның материалдары.<br>**Жүру барысы**<br>**Шаттық шеңбері**<br>- Балаларға шкаф сөрелерін реттеуді ұсыну. Шашылып жатқан ойыншықтарды үлгілегідей етіп орналастырып, әр заттың қай жерде орналасқанын суреттеп беру керек. Ойыншық машинаны, допты, қуыршақты, аюды | сиқырлы сандықшамды алып келдім. Оның ішінде сиқырлы ойыншықтар бар. Ортаға қолдарыңды көтеріп бір-бірден шығып, сандықшаның ішінен қалаған ойыншықтарыңды таңдап аласыңдар. Ол ойыншықтардың артында тапсырмалар жазылып тұр. Сендер сол тапсырмаларға дұрыс жауап берсеңдер сол ойыншықты сыйға тартам.<br>1.Ал кім ойыншық туралы тақпақ біледі?<br>2. Дидактикалық ойын: "Не артық?".<br>3.Доптың суретін жапсыру.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ұзын құлақ сұр қоян<br>Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы-қырлы жерлермен<br>Ытқып-ытқып жүгірді<br>Қарап еді артына<br>Қиығын салып көзінің | | Балалар: Домбыра. Сопақ пішінді. Ағаштан жасалған.Сары.<br>Сандық. Төрт бұрышты. Ағаштан жасалған. Түсі көк.<br>- Үшінші столды қарайықшы.<br>Балалар мынау қандай ойыншықтар?<br>Неден жасалған? Түстері қандай?<br>Нұрай, осының ішінде сенің ойыншығың бар ма?<br>Нұрай: Алақай, менің ойыншығым табылды. Мынау менің ойыншығым. Балалар рахмет сендерге ойыншығымды табуға көмектескендеріңе.<br>Балалар: Машина, қуыршақ. Машина темірден жасалған қатты. Қуыршақ мақтадан жасалған жұмсақ.<br>-Жарайсыңдар балалар әр түрлі ойыншық түрлерін көрдік. Бұлар жай ойыншықтар емес сиқырлы ойыншықтар. Ендеше балалар ойыншықтар түрлерін | бұрышында сөрелерде тізіліп тұр. Бір күні үйдегілер ұйқыға кеткен шақта ойыншықтар бір-бірімен айтыса бастады. Сондағы даулары Сәния қыз қайсысын өте жақсы көреді екен?<br>Әңгімені сары шашты әдемі қуыршақ бастады.<br>-Сәния мені өте жақсы көреді, себебі мен әдемімін.<br>-Жоқ мені жақсы көреді, өйткені мен мамықпын, -деп қуыршақпен ақ қоян келіспеді. Ал менің үлкендігім соншама кейде мені жастанып та жатады. Неге дауласасыңдар соншама біздер арқылы оның ой-өрісі дамиды, -дейді түрлі түсті текшелер жамырап. Бәрінің айтқан дәлелдерін тыңдап болған үш аяқты велосипед:<br>-Маған тең келетіндерің жоқ |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қайда қоятындығын сұрау<br>Балаларды жоғарыда, төменде, ортасында, сол жақта, оң жақта, арасында деген сөздерді қолдануға үйренеді.<br>**«Нені қайда орналасқанын тап»** ойыны<br>Өздерінің алдында, артында, оң жағында, сол жағында, жоғарыда, төменде орналасқанын анықта.<br>**Дидактикалық ойын: «Не қайда тұрғанын тап?»**<br>**Шарты:** Не өзгерді? Үстелде бірнеше зат жатады. Заттардың қалай орналасқанын есттеріне сақтап қалады. Содан кейін көздерін жұмады. Сол кезде бір немесе екі заттың орнын Жәндіктердің қай жерде орналасқанын және қандай геометриялық пішіндерден құрылғанын анықтайды.<br>**№1тапсырма.** Төмендегі фигураларды бір-біріне беттестіріп қойса, қандай сурет шығады. | Келе жатқан томпаңдап<br>Көжегі екен өзінің.<br>Балалар үлгіге қарап түрлі түстен доптың суретін жапсырады.<br>Қорытындылау.<br>Балаларды мадақтау.<br>Бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді:** Ойыншықтардың ат тарын атап, ойыншық тұратын шкафқа жинап оларды сипаттап айта білді.<br>**Нені меңгерді:** Түрлі түстен доптың пішінін қиып, жапсыруды меңгерді.<br>**2.Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: Бір қолмен бір-біріне доп лақтыру.<br>Гимнастикалық орындық үстімен заттарды аттай жүру<br>**Мақсаты:** Балаларды бір қолмен бір-біріне доп лақтыру дағдысын жетілдіру.<br>Гимнастикалық орындық үстімен | | көрдік, сипаттама бердік.<br>Енді осы ойыншықтардың ішінен мұнараның суретін салып үйренейік.<br>**Сергіту сәті.**<br>Картотека №15<br>Балалар үлгіге қарап суретті салады.<br>Бір айналым сөйлесу арқылы оқу қызметін қорытындылау.<br>Бағалау. Мадақтау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді:** Балалар ойыншықтардың қандай материалдардан жасалатынын білді.<br>**Нені меңгерді:** Түрлі-түстен кішісінен үлкеніне дейін мұнараның суретін салуды меңгерді.<br>**2.Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**:<br>Гимнастикалық орындық үстімен заттарды аттай жүру<br>Басқа дорбаша қойып, еденде созылып жатқан арқан үстімен жүру. | шығар. Адамға денсаулық керек. Мен арқылы ол денсаулығын шыңдайды, -деп мақтанады. Осылай ойыншықтар ұзақ айтысады.Ойыншықтар дың осы дауын ұшып келіп терезенің жақтауында отырған көгершін естиді.<br>-Ойыншықтар неге сонша дауласасыңдар? Ал сендердің қайсысың Сәнияны өте жақсы көресіңдер? -деп сұрады.<br>-Мен, мен, -деп бәрі жамырай жауап қатты ойыншықтар.<br>- Міне, көрдіңдер ме? Сәнияны бәрің бірдей жақсы көреді екенсіңдер. Сәния да бәріңді жақсы көреді. Оған сендер кереksіңдер. Олай болмаған жағдайда Сәния қажет еместеріңді лақтырып, не біреуге сыйлап жіберер еді. Тек бәріңмен бірдей бір |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **№2тапсырма**. Сол жақтағы белгіні пайдаланып, ұлудың жолын салу.<br>**№3 тапсырма:** саусақ қимылын дамытамыз. Берілген бағытпен сызықтар бойынша жоғарыдан төмен көлденең, қиғаш сызықтар саламыз.<br>Қорытындылау.<br>Балаларды мадақтау.<br>Бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені біледі:** Кеңістікте орналасуды көрсететін: үстінде - астында, алдында - артында, оң жағында -сол жағында ұғымдарын біледі.<br>**Нені меңгереді:**<br>Айналадағы заттардан геомтериялық пішіндерді көре біледі және тапсырмаларды орындауды меңгерді. | заттарды аттай жүруге үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, көрсету, қимылды ойын.<br>**Қажетті құралдар:**<br>бала санына қарай кішкентай доптар, гимнастикалық орындық, текшелер, доп, қоян мен қасқырдың атрибуты.<br>***Жүру барысы:***<br>**Кіріспе бөлім**<br>-Бір тізбекте тұру.<br>-Бірінің артынан бірі жүру.<br>- Аяқтың ұшымен жүру.<br>-Екі қолды желкеге қойып өкшемен жүру.<br>-Бір бүйірмен оңға қарап жүгіру.<br>-Бір бүйірмен солға қарап жүгіру.<br>-Екі қолды тізеге қойып жартылай жүрелеп жүру.<br>-Шашырай жүру.<br>-Баяу жүгіру.<br>Үш қатар сапқа тұрып **жалпы дамытушы жаттығуларын орындау. (Кішкентай доппен)** | | **Мақсаты:** Балаларды гимнастикалық орындық үстімен заттарды аттай жүруге үйретуді жалғастыру. Басқа дорбаша қойып, еденде созылып жатқан арқан үстімен жүруге үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, көрсету, қимылды ойын.<br>**Қажетті құралдар:**<br>Бала санына қарай текшелер, дорбаша, арқан, гимнастикалық орындық, айна.<br>**Жүру барысы:**<br>**І.Кіріспе бөлім:**<br>-Бір тізбекте тұру.<br>-Бірінің артынан бірі жүру.<br>- Аяқтың ұшымен жүру.<br>-Екі қолды желкеге қойып өкшемен жүру.<br>-Бір бүйірмен оңға қарап жүгіру.<br>-Бір бүйірмен солға қарап жүгіру.<br>-Екі қолды тізеге қойып жартылай отырып жүру.<br>-Шашырай жүру.<br>-Баяу жүгіру. | мезгілде ойнауға оның шамасы келмейді.<br>Ақ көгершіннің айтқанының жаны бар. Ойыншықтар үндемей қалды. Бұл кезде таң да ата бастады.<br>Сұрақ-жауап.<br>Бір айналым сөйлесу арқылы оқу қызметін қорытындылау.<br>Мадақтау. Бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді:**<br>Ойыншықтың әрқайсысы да жақсы әрі ұқыпты ұстау керектігін білді.<br>**Нені меңгерді:**<br>Әңгімені түсінді және сұрақтар арқылы мазмұндауды меңгерді. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Бастапқы қалып:<br>негізгі тұрыс, доп<br>қолда.<br>1-қолдарымызды екі<br>жаққа созамыз;<br>2- қолымызды жоғары<br>көтереміз, допты<br>екінші қолға<br>ауыстырып қоямыз.<br>3- қолдарымызды екі<br>жаққа созамыз.<br>4- бастапқы қалыпқа<br>келеміз.<br>Бастапқы қалып:<br>аяқты екі иықтың<br>деңгейіне қойып,<br>допты оң қолға<br>аламыз.<br>1-оң қолға қарай иілу.<br>2-3- допты оң аяқтан<br>сол аяққа қарай<br>домалату және<br>керісінше орындау.<br>4- бастапқы қалыпқа<br>келу. Осы жаттығуды<br>сол жаққа қарай<br>орындау.<br>Бастапқы қалып:<br>еденде отырып, допты<br>табанмен қысып,<br>қолды артқа қарай<br>тіреу. 1-2- аяқты түзу<br>ұстап көтеру, допты<br>түсірмеуге тырысу; 3- | | Үш қатар сапқа тұрып<br>**жалпы дамытушы**<br>**жаттығуларын**<br>**орындау.**<br>**(текшелермен)**<br>1. Бастапқы<br>қалып: өкше<br>түйістірілген, текшелер<br>төмен түсірілген екі<br>қолда. Текшелерді алға<br>созып, бір-біріне соғу,<br>түсіру (5 рет).<br>2. Бастапқы<br>қалып: сондай,<br>текшелер арқаға<br>ұсталған қолда. Отыру,<br>текшелерді еденге қою,<br>тұру, түзелу, қолды<br>арқадан алу. Отыру,<br>текшелерді алу,<br>бастапқы қалыпқа<br>қайту (4 рет).<br>3. Бастапқы<br>қалып: аяқты<br>айқастырып, отыру,<br>текшелер тізеге<br>қойылған екі қолда.<br>Оңға бұрылу, текшені<br>өзінің арт жағына қою,<br>түзелу. Сондай<br>жаттығуды басқа жаққа<br>бұрылып жасау (әр<br>жаққа 3 реттен).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ<br>сәл алшақтатылған, | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 4- бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: етбетінен жатып, басынан асра қолдарын созып, допты ұстау. 12- қолдарын және оң аяғын алға қарай түзу созу, допты аяққа тигізу; 3-4- бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қарай қайталау.<br>Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл ғана ашылған , доп оң қолда. Допты оң қолмен еденге соғу, ыршыған допты қағып алу.<br>Бастапқы қалып: допты оң қолмен лақтырып, екі қолмен қағып алу.<br>**Тыныс алу жаттығуы**<br>**Негізгі қимыл жаттығулары:**<br>1. Бір қолмен бір-біріне доп лақтыру.<br>2.Гимнастикалық орындық үстімен заттарды аттай жүру<br>**Қимылды ойын:** | | текшелер еденге қойылған. Бір орында жүрумен кезектестіріп, текшелерді айналып, секіру (2 рет).<br>Жәй жүру.<br>**Тыныс алу жаттығулары:**<br>**Картотека № 6**<br>Шарларды мен үремін,<br>Ойнап мен онымен жүремін.<br>Қызыл,жасыл шарларды,<br>Үрлеймін, мен үрлеймін.<br>(терең тыныс алу)<br>**Негізгі қимыл жаттығулары.**<br>1. Гимнастикалық орындық үстімен заттарды аттай жүру<br>2.Басқа дорбаша қойып, еденде созылып жатқан арқан үстімен жүру.<br>**Қорытынды:**<br>**Қимылды ойын:**<br>**Картотека №21**<br>**«Айна»**<br>**Мақсаты:** Баланың зейіні мен байқампаздығын әрі әр түрлі дене қимылдарын жетілдіру.. | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Картотека №22**<br>**Тақырыбы**: «Қоян мен қасқыр»<br>**Мақсаты:** Балалардың зейінің. Қимыл-қозғалыс әрекеттерін дамыту. Қорытындылау. мадақтау, бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді:** Балалар гимнастикалық орындық үстімен заттарды аттай жүруді білді.<br>**Нені меңгерді:** Бір қолмен бір-біріне доп лақтыру дағдысын меңгерді. | | Қорытындылау. Балаларды мадақтау, бағалау.<br>**Күтілетін нәтижесі:**<br>**Нені білді:** Балалар басқа дорбаша қойып, еденде созылып жатқан арқан үстімен жүруді білді.<br>**Нені меңгерді:** Балалар гимнастикалық орындық үстімен заттарды аттай жүруді меңгерді. | |
| **«Табиғат аясында серуен»**<br>Серуенге дайындық | 10.10-10.30 | Серуенге қызығушылық тууызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.<br>Киімдерін дұрыс кейінуін қадағалау | | | | |
| Серуен: | 10.30-12.00 | **Картотека №7**<br>**1. Қарға құсына бақылау**<br>**Мақсаты:** Балалардың құстар туралы білімдерін кеңейту. сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын кеңейту.<br>**2.Еңбек:** Құстарға жем шашу.<br>**3. Қимылды ойын:** | **Картотека № 11**<br>**1.Табиғаттағы өзгерістерді бақылау.**<br>**Мақсаты:**Ауа райындағы өзгерістерді аңғарып айта білуге баулу.Олардың жыл мезгіліне байланысты өзгеріп отыратының | **Картотека №13**<br>**1.Жаңбырды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы;Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. | **Картотека №14**<br>**1.Желді бақылау.**<br>**Мақсаты:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру . | **Картотека №12**<br>**1.Көшедегі машиналарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **«Көңілді кубиктер »**<br>**Мақсаты:** Кубиктерді пайдаланып, құрастыруға үйрету.<br>**4.Жеке жұмыс:** Зере мен Айсұлтанға допты қос қолмен қағып алуды үйрету.<br>**5.Еркін ойындар** | білгізу.<br>(жел,салқын,жаңбыр)<br>**2.Еңбек:** Ойын алаңын жинау.<br>**3.Қимылды ойын: Картотека № 6**<br>«Аюдың апанында»<br>**4.Жеке жұмыс:**<br>Мадиярға дыбыстарды жеке айтқызу.<br>**5.Еркін ойындар** | **2.Еңбек :** Ағаш түптерін қопсыту.<br>**3.Қимылды ойын:** «Сұр қоян»<br>**4.Ұжымдық жұмыс:**<br>Жұмбақ жаттау<br>Ал керемет бұл қандай?<br>Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйғандай<br>Көл-көсір су не деген?<br>(Жаңбыр)<br>**5.Еркін ойындар.** | **2.Еңбек:** Гүлзардағы гүлдерді суару.<br>**3.Ұжымдық жұмыс: Тақпақ. « Жел »**<br>Жел улейді у-у-у.<br>Құйын келіп билейді зу-зу-зу<br>Қатты-қатты жел соқтығу-гу-гу,<br>Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.<br>**4.Қимылды ойын:**<br>«Орамал тастау» .<br>**5.Еркіін ойындар.** | **2.Еңбек** : Ағаш түптерін қопсыту, су құю.<br>**3.Қимылды ойын**: «Ақ қояным»<br>**4.Жеке жұмыс:** Әли мен Шырайлымға « Алтын күз » тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу<br>**5.Еркін ойындар.** |
| Серуеннен оралу, гигеналық шаралар | 12.00-12.20 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуге, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету.<br>Қолдарын сабындап жууға үйрету. | | | | |
| **«Ас дәмді болсын»**<br>Түскі ас | 12.20-13.00 | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу.<br>Үстел- үстінде түзу отыруын қадағалау. | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»**<br>Ұйқыға дайындық, күндізгі ұйқы. | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.<br>Жәй әуенмен ұйқыға бату. | | | | |
| **«Оянамыз, сергиміз»**<br>Ұйқыдан біртін деп тұрғызу, сауықтыру және гигеналық шара лар. | 15.10-15.40 | **Ұйқыдан кейінгі жаттығулар:**<br>Картотека №4 « Мысықтар»<br>Картотека №26 «Жел достарым үрлейік»<br>Картотека №5 «Күн оянады».<br>Мәдени- гигиеналық дағдыларды орындау. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| жеке жұмыс тар. | | | | | | |
| **Бесін ас** | 15.40-16.10 | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу.<br>Тамақ ішкеннен кейін майлықты дұрыс пайдалану. | | | | |
| «Алақай ойын» Вариативтік компонент ұйымдасты рылған оқу қызметі, ойындар ойна ту,оқу- тәрбие жұмыстарын жүргізу. | 16.10-16.40 | **Вариативтік компонент:** «Қызықты математика»<br>**Тақырыбы:** Пішіндер сыры<br>**Мақсаты:** Балалардың зейінін, ойлау қабілеттерін,сандардың таңбаларын танып ажыратуды, геометриялық пішіндер мен денелерді, олардың түстерін ажыратуды ойын арқылы жетілдіре түсу.<br>**Әдіс-тәсілдер:**Түсіндіру, көрсету, топтау, тапсырма орындау.<br>**Көрнекіліктер:** түрлі түсті пішіндер, сандар, (гүл,орамал,бантик,көзілдір ік),сызба тапсырма, логикалық тапсырма.<br>**Жүру барысы.**<br>**Дидактикалық ойын:** «Көңілді шеңбер» Балалардың бірнешеуіне әртүрлі заттарды қыстыру,(гүл,орамал,бантик | **Сюжетті-рөлді ойын**<br>**Тақырыбы:** «Дәрігер»<br>**Мақсаты:** Балаларды ойын ойнау арқылы шыдамдылыққа, ұқыптылыққа үйрету. | **Картотека №14**<br>**Тақырыбы:**«Көршіңді тап»<br>**Мақсаты:** Өз орнының көршісін табуды, есте сақтауды ,шатаспай көршісін тез табуды үйрету. | **Картотека №9**<br>**Тақырыбы:** «Ұшақтар»<br>**Мақсаты:** Балаларды жан-жаққа жүгіруге үйрету. | **Вариативтік компонент:** «Бояулар сыр шертеді»<br>**Тақырыбы:** Түлі түсті орамал»<br>**Мақсаты:** Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, сергіту сәті.<br>**Көрнекіліктер**: Орамал, ақ қағаздар, акварель бояулар, қылқалам, су.<br>**Жүру барысы.** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қыстыру,(гүл,орамал,бантик ,көзілдірік)не өзгерді? -<br>шеңбер жасап отырады,<br>-бір-біріне мұқият қарайды,<br>-көздерін жұмады<br>- көздерін ашқанда не өзгергенін айтады.<br>Түрлі пішіндердің ішінде 7 түрлі тапсырма бар.<br>Солардың сырын ашқыларың келе ме?<br>Дидактикалық ойын:<br>«Санауды жалғастыр» арқылы 3 топқа бөлініп алайық.<br>Бірінші болған топқа 1 жұлдызшадан беріледі.<br>1-топ: Алғырлар тобы<br>2-топ: Тапқырлар тобы<br>3-топ: Ойшылдар тобы<br>1- тапсырма «Адасқан сандар»<br>-Бірінші болған топ 1 жұлдызшадан алады.<br>2 пішіннің -тапсырмасы:<br>«Салыстыр»<br>Әр қатардағы суреттен, бірінші суреттегідей бейнені дәл тап.<br>3 пішіннің тапсырмасы:<br>Санамақ жарыс<br>Балалар санамақ айтып жарысады.<br>4 пішіннің тапсырмасы:<br>Қандай кубик пішінге | | | | Балалар менің иығымда жауылып тұрған не?<br>Мен нені жамылып тұрмын?<br>Бұл орамал. Оны орамалды жамылып, орамып жүргендіктен орамал деп атаймыз.<br>Орамал әдемі ме?<br>Орамалдың түсі қызыл шаршы пішінде. Ормалдың шашақтары бар.<br>Кәне, балалар шашақ, орамал деген сөздерді бірнеше рет қайталайық.<br>Балалар сендер осындай әдемі орамалдың суретін салып беріңдерші.<br>Өйткені орамалды біздің аналарымыз, әжелеріміз жақсы көреді. Олар оны сәнді және жылы болуы үшін бастарына салады.<br>Өз аналарыңа не әжелеріңе арнап орамалды безендіреміз.<br>Кәне, балалар шаршы пішінде |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сәйкес келетінін сызық арқылы көрсет.<br>**Қорытынды.**<br>Балалар, бүгінгі ойынымыз қызықты болды, бәрің де өте жақсы қатыстыңдар.<br>Ұнаған пішінді көрсет?<br>Көңіл күйімізді көрсетейік.<br>**Күтілетін нәтиеже:**<br>Геометриялық пішіндер мен денелерді ажыратып,сұраққа толық және нақты жауап бере біледі. | | | | орамалды салып, ортасына дөңгелекті қызыл түспен, ал бұрыштарын сары түспен бояндар.<br>Артынан шашақтарын жасаңдар.<br>**Сергіту сәті:**<br>Доп –доп домалақ,<br>Қайда кеттің домалап.<br>Бір, екі деп екі ұрдым,<br>Шатырға сен секірдің.<br>Добым, добым домалақ,<br>Қайда кеттің домалап.<br>Үстел үстін бүлдірдің,<br>Тарелкені сындырдың,<br>Тұрмын сені жазалап.<br>Қорытындылау.<br>Бағалау. Мадақтау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Орамалдың не үшін қажет екенін, шаршы пішінді орамалды әшекейлеуді. бояуды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | біркелкі тегіс жағуды білді. |
| «Табиғат аясында серуен» Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киімдерін ретімен дұрыс киінуін қадағалау. Серуенге шығу. | | | | |
| Серуен | 16.50 - 17.50 | **Қимылды ойын** **«Жоғары лақтыр»** **Жеке жұмыс:** Айсұлтан мен Мунираға оң және сол қолды ажыратуды үйрету. **Еркін ойындар** | **Қимылды ойын** «Допты қағып ал» **Жеке жұмыс:** Тамерлан мен Мадиярға «Жапырақ» өлеңін жаттату. **Еркін ойындар** | **Қимылды ойын** «Шеңберге түсір» **Ұжымдық жұмыс:** Жапырақтан пішіндер жасау. **Еркін ойындар** | **Қимылды ойын** «Көбелек пен гүл» **Топтық жұмыс:** «Ойыншықтар» әнін айту. **Еркін ойындар** | **Қимылды ойын** «Алысқа лақтыр» **Жеке жұмыс:** Айым мен Саяаға дене мүшелерін атату. **Еркін ойындар** |
| Серуеннен оралу | 17.50-18.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуге, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету. | | | | |
| **«Сау бол балабақша»** Ата-аналармен қарым-қатынас, балалардың үйге қайтуы. | 18.00-18.30 | Балалардың тазалығын ата-аналарға ескерту. Үйге кетуге сұрану. | Балалардың жетістігі туралы әңгімелеу. Үйде бос уақытта баламен әңгімелесуге көп күш салуды ескерту. | Ата- аналарға балаларды табыстау.Төлем ақшаны уақытылы төлеу керек екенін ескерту. | Ата- аналарға ескерту. Балабақшаға уақытынан кешікпей әкеліп,уақытымен алып кетулерін ескерту. | Балалардың демалыс күндеріне сәттілік тілеу. Дүйсенбіге таза келулерін ескерту. |

Scanned with CamScanner

**Әдіскер:**
**Бекітемін:** ~~Ƨоʒфа~~
**Күні:** 18.09.2020ж.

**«Қызғалдақ» мектепке дейінгі бөбекжайы «Айгөлек» ересек тобы**
**Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы**
**IV апта (21– 25 қыркүйек) 2020 ж.**
Өтпелі тақырып:**«Балабақша»**
Тақырып: **«Жиһаздар»**

**Мақсаты:** Балалардың бойында балабақшаға, балаларға, ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамыту.Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп,әдептілік дағдыларын қалыптастыру.Балабақша туралы алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын ұйымдастыру.
Сұрақтарға жауап беруге үйрету. Ұқыптылыққа баулу.

| Күн тәртібі | Уақы-ты | Дүйсенбі 21.09.2020ж | Сейсенбі 22.09.2020ж | Сәрсенбі 23.09.2020ж | Бейсенбі 24.09.2020ж | Жұма 25.09.2020ж |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіз-дер ме, балалар»** Балаларды таңертеңгі қабылдау, тексеру. Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. ) Таңертеңгі жаттығу | 8.00-8.30 | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: «Қайырлы таң балалар!»Балаларды таңертеңгілік қабылдау кезінде көңіл күйлерін анықтау. Балалардың тазалығын тексеру.Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| | | Балалардан демалыс күндерінің қалай, қайда өткендігін әңгімелеу. | Балабақшаға келе жатқанда не көргендерін сұрау. | Балалардың дене тазалығын, қызуын қарау. | Балалармен күз мезгілі туралы әңгімелесу. | Балаларға өз-өздеріне еңбек етуін түсіндіру. |
| | | **Жаттығулар кешені** **Қыркүйек айы: 3-4 апта; Картотека №2**«Көңілді әуен» Сиқырлы сөз! Ас дәмді болсын! Приятного аппетита! Let the food qo qrow! Балаларға тамақтарын дұрыс ішуге, майлықты қолдануға, нан қиқымын шашпай жеуге үйрету. Ас ішіп болғасын бата айтуға дағдыландыру. | | | | |
| **Таңғы ас** | 8.30-8.50 | Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішуге,майлықты дұрыс қолдануға, тамақтан соң алғыс айтуға үйрету. | Балаларды тамақты ұқыпты ішуге баулу. | Майлықты дұрыс пайдалануына көңіл бөлу. Тамақ ішкенде сөйлемей, әдепті отыруға үйрету. | Үстел басында дұрыс отырып, тамақтануын қадағалау. Ұқыптылыққа баулу. | Тамақты тауысып ішуге ынталандыру. Тамақтан кейін бата айтуға дағдыландыру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | 8.50-9.00 | **Қимылды ойын Картотека № 9** Тақырыбы: «Торғайлар мен автомобильдер» Мақсаты: Балалардың зейінін дамыту, шапшаңдыққа үйрету. | **Қимылды ойын Картотека №10** **Тақырыбы:**«Күн мен түн» Мақсаты. Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. | **Қимылды ойын Картотека №12** **Тақырыбы:** Тақырыбы:«Жасыл қияр» Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, ұйымшылдыққа үйрету. | **Қимылды ойын** Картотека №13 Тақырыбы: «Көлеңке» Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыс, ойлау қабілетін дамыту. | **Дидактикалықойын: Картотека №7** Тақырыбы: «Ертегі кейіпкерлерін ата» Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін атай білуге үйрету. |
| **«Ойнайық та, ойлайық»** Ұйымдастырылған оқу қызметі | 9.00-9.25 | **Білім беру саласы: 1.«Денсаулық» Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Басқа дорбаша қойып, еденде созылып жатқан арқан үстімен жүру. Тізенің арасына доп қыстырып секіру. **Мақсаты:** Басқа дорбаша қойып, еденде созылып жатқан арқан үстімен жүруге жаттықтыру. Тізенің арасына доп қыстырып секіруге үйрету. **Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру, көрсету, қимылды ойын **Көрнекілігі:** Дорбаша, арқан, доп, қожектер мен түлкінің атрибуттары. **Жүру барысы:** **Кіріспе бөлімі:** -Бір тізбекте тұру. -Бірінің артынан бірі | **Білім беру саласы: 1. «Қатынас» «Шығармашылық» Көркем әдебиет** Кіріктірілген оқу қызметі **Сурет салу** **Тақырыбы:** «Ғажайып сандық», «Сандық» (сәндік сурет салу) **Мақсаты:** Балаларға үй жиһазының бір түрі сандықпен таныстыру.Ойлау қабілеттерін арттырып, сөздік қорларын дамыту. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер шығармалары мен таныстырып, сандықты қазақ оюларының кейбір элементтерімен әшекейлеуге үйрету. **Әдіс-тәсілдері**: Әңгімелеу,түсіндіру, | **Білім беру саласы: 1.«Қатынас», «Таным» Сөйлеуді дамыту** Кіріктірілген оқу қызметі **Құрастыру.** **Тақырыбы:** «Үй жиһаздары» (байланыстырып сөйлеу), «Менің кереуетім» **Мақсаты:** Тұрмыстық заттардың қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру.Үй жиһаздарының ішінен кереуетпен жақын таныстыру. Сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі) сын есімдерді қолдана білуге үйрету. Балаларға үй ішіне қажетті жиһаздың бірі кереуеттің жеке бөліктерін дұрыс айтуға үйрету. Баланың зейінін, логикалық ойлауын, тілін дамыту. | **Білім беру саласы: 1.«Әлеумет» «Шығармашылық» Қоршаған ортамен таныстыру** Кіріктірілген оқу қызметі: **Мүсіндеу** **Тақырыбы:** «Топ жиһаздары». «Диван» **Мақсаты:** Топ бөлмелеріндегі жиһаздарды дұрыс атауды үйрету, оларға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Диван туралы жалпы түсініктерін кеңейту,ермексаздан диван жиһазын жалпайту,созу тәсілімен үйрету. **Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелесу. **Көрнекіліктер:** Жиһаздардың суреті, қиындылар, ермексаз, тақтайша, сүлгі. | **Білім беру саласы: 1.«Таным» Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Жиһаз фабрикасына саяхат» **Мақсаты:** Қарапайым тәжірибелерді жүргізуге қызығушылықтарын, зейіндерін дамыту. **Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, жұмбақ шешу,тапсырма орындау, дидактикалық ойын. **Көрнекіліктер:** Жиһаздардың суреті, топтағы жиһаздар, үлестірмелі материалдар. **Шаттық шеңбері:** Қайырлы таң –көк аспан, Қайырлы таң-жер ана Қайырлы таң- достарым Жылуыма жылу қос, Міне менің қолым бос. **Дидактикалық** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жүру.<br>- Аяқтың ұшымен жүру.<br>-Екі қолды желкеге қойып өкшемен жүру.<br>-Бір бүйірмен оңға қарап жүгіру.<br>-Бір бүйірмен солға қарап жүгіру.<br>-Екі қолды тізеге қойып жартылай отырып жүру.<br>-Шашырай жүру.<br>-Баяу жүгіру<br>Үш қатар сапқа тұрып **жалпы дамытушы жаттығулары.**<br>**(құралсыз)**<br>**1.**Бастапқы қалып: Аяқты бірге, қол иық кеңдігінде.1-қолды алға созу, 2-жоғары көтеру, 3-жанға, 4-бастапқы қалып. 3-4рет қайталау.<br>**2.** Бастапқы қалып: Аяқты алшақ, қол беліде.1-белді оңға айналдыру үш рет, 2-белді солға айналдыру, 3-бастапқы қалып. 2-3рет қайталау.<br>**3.** Бастапқы қалып:Аяқты бірге қол алдыға созулы, 1-отыру,2-тұру, 3-бастапқы қалып. 2-3рет қайталау.<br>**4.** Бастапқы | сұрақ-жауап, жұмбақ шешу.<br>**Көрнекілігі:**<br>Тақырыпқа сай суреттер, ақ қағаздар, акварель бояулар, су, қылқалам.<br>**Жүру барысы:**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды күніміз,<br>Жайнай түссін даламыз.<br>Қайырлы таң, достарым. –<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күзде ауа райы қандай болады?<br>-Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер болады?<br>Жұмбақ жасыру:<br>Кіруге адам батпайды,<br>Затыңды аман сақтайды. (сандық)<br>-Балалар бәріміздің үйімізде сандық барма?<br>–Сандықтың пішіні қандай болады?<br>Сандық — киіз үйдің ағаш жиһаздар ының бірі.<br>Оған киім-кешек, асыл бұйымдар салынады. | Ойын-тәсілдері:<br>Әңгімелеу,түсіндіру, сұрақ-жауап, жұмбақ шешу, дидактикалық ойын.<br>**Көрнекілігі:** Тақырыпқа сай суреттер, сіріңке қорапшалары.<br>**Жүру барысы:**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Қайырымды жандар айнала,<br>Шеңберге келсін жайлана.<br>Жалыққастан қайта біз,<br>Жылы сөзді айтамыз.<br>Сүйеміз барлық әлемді,<br>Әлемдегі бар елді.<br>Бақыттымыз осы біз,<br>Қасымызда досымыз.<br>-Балалар, бүгін күн қандай керемет!<br>-Балалар,біз қайда тұрамыз? -<br>Қандай үйде тұрамыз?<br>-Сендер өздерің нешінші үйде тұратындарыңды білесіңдер ме?<br>-Үйде қандай бөлмелер бар? -<br>Мына екі сурет бірі жер үй, екіншісі көп қабатты үй-қайсысында тұрғың келеді?<br>(Суреттердегі жиһаздарды, ыдыстарды көрсетіп аттарын сұрау.)<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>Төрт аяғы болса да,<br>Етік киіп көрмеген. | **Жүру барысы:**<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>Қандай ғажайып таң!<br>Бәріміз шаттық шеңберіне тұрып, бір бірімізге игі тілектерімізді айтайық.<br>–Балалар бізде үйдегі жиһаздар тәрізді балабақшада да, яғни тобымызда да әр түрлі жиһаздар бар.<br>–Тобымызда қандай жиһаздар бар бәріміз қарап, атын атайықшы?<br>-Үстел, орындық, шкаф, тақта, кереует, айна т.б.<br>–Балалар осы топ жиһаздарын біз күтіп, таза ұстауымыз керек.<br>**Қимылды ойын:**<br>Тапсырманы балаға түсіндіру, дұрыс тыңдап, орындауларын сұрау.<br>-Шкафты көрсет,шкафқа жақында,қонжықты шкафтан ал.<br>-Үлкен үстелді көрсет,үстелге жақында,үстелден кітапты ал.<br>-Орындықты көрсет,орындықтан сөмкені ал.<br>Балалардан жиһазды | ойын:«Жиһаздар дүкені»<br>-Міне,дүкенге де келдік.Енді тобымызға жиһаз қарастырайық.Бір бөлмеге жиһаздарды орналастырып көрейік(жапсырмаларды жапсырады)<br>**Сергіту сәті.**<br>Қолымызды жаяйық,<br>Құстай қанат қағайық.<br>Аяқты бір басыңдар,<br>Кәне,тағы,тағы да.<br>Қол соғайық жабыла,<br>Кәне,тағы,тағы да!<br>**Жиһаздар туралы жұмбақ шешу.**<br>Болғанда бір ауызға екі қақпақ,<br>Еркінде адамзаттың ашып,жаппақ,<br>Қаншалық өрнек-өрнек азық-аукат,<br>Ішінде сол нәрсенің қойған сақтап.(шкаф)<br>-Балалар,жиһаздар неге сынып қалды деп ойлайсыңдар? -<br>Біздің топта қандай жиһаздар бар?<br>-Жиһаздар не үшін қажет?<br>-Жиһаз сынбау үшін оны қалай ұстау керек?<br>-Әрине күтіп ұстауымыз керек.<br>**Дидактикалық** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Ойнайық та, ойлайық»**<br>Ұйымдастыры л<br>ған оқу қызметі (үзілістерді қоса алғанда) | 9.00-10.10 | **1. Денсаулық.**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Бір орыннан ұзындыққа секіру (арқандардың ара қашықтары 15 см)<br>Допты екі қолмен еденге ұру.<br>**Мақсаты.** Жүру мен жүгіруге жаттықтыру; жүру барысында тепе-теңдікті сақтау дағдыларын дамыту, бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттықтыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, көрсету,жүру,жүгіру, секіру.<br>**Қажетті құралдар:**<br>кішкентай доптар, арқан<br>**Жүру барысы:**<br>Бір қатар сапқа тұру.<br>Сәлемдесу.<br>Нұсқауларды орындау.<br>Бір тізбекпен жүру, қол белде аяқ кезек-кезек жоғары көтеріп жүру.<br>Баяу жүру.<br>Жалпы дамыту жаттығуы (Кішкентай доптармен )<br>1 Екі қолмен ұстаған допты алға созу<br>.2 Қос қолдағы допты оң иыққа тигізу.<br>3 Екі қолмен ұстаған | **1.Қатынас.**<br>**Шығармашылық**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**«Апорт алма»,<br>«Бақта алма пісті»<br>**Мақсаты:** Алманың апорт түрімен таныстыру. Тақпақты зейін қойып тыңдауды үйрету. Жемістің басқа түрлерімен танысуға құштарлықтарын арттыру. Сөздік қорын молайту. Алманың суретін сала білуді үйрету. Алма жемісін салуда өз еркімен бояу түстерін таңдай білу. Жоғарыдан төмен қарай қылқаламмен сызықтар жүргізе отырып, тегіс бояуды дамыту.<br>**Әдіс- тәсілдері:**<br>Түсіндіру,көрсету, ой-қозғау,сұрақ жауап, жұмбақ шешу, дидактикалық ойын<br>**Көрнекіліктер**:<br>жемістердің, алма ағашының, апорт ағашының суреттері.<br>**Жүру барысы:** | **1.Қатынас.**<br>**Таным**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Жемістер жыры».<br>«Жемістерге арналған себет»<br>**Мақсаты:**<br>«Жемістер жыры» өлеңнің мазмұның ашу; өлең ырғағын келтіре отырып, өлеңнің тіл ерекшілігін, көркем сөздерін түсіну, ойлау қабілетін дамыту. Дайын қылған жолақшалардан өру тәсілімен себетті құрастыруға үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>түсіндіру, көрсету, әңгімелеу, сұрақ-жауап, жаңылтпаш, жұмбақ шешу, мәнерлеп оқу.<br>**Көрнекілігі:**<br>«жемістер түрлері туралы карточкалар» слайд, құрастыруға қажетті құралдар.<br>**Жүру барысы:** | **1.Әлеумет**<br>**Шығармашылық.**<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Жеміс бағында», «Алма мен алмұрт»<br>**Мақсаты:** Күзгі табиғат ерекшеліктерімен таныстыру. Жемістерді ажырата білуге, дәміне қарай атап, оның адам денсаулығына пайдасы туралы әңгімелету. Күзде пісетін жемістер туралы түсінік беру. Алма мен алмұртты салыстыру арқылы пішіндегі айырмашылықты анықтау.<br>**Әдіс -тәсілдері:**<br>Түсіндіру, көрсету, сұрақ жауап, жұмбақ шешу,ойын, саяхат.<br>**Көрнекіліктер:**<br>Жемістердің муляжы, ермексаз, тақтайша, сүлгі.<br>**Жүру барысы:**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Қуан шаттан алақай, | **1.Таным**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Әр түрлі жемістер»<br>**Мақсаты:** Балаларға жемістер туралы түсінік беру, түстері мен пішіндеріне қарай ажыратуға үйрету. Денсаулыққа пайдасы туралы мағлұмат беру.<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>Түсіндіру, көрсету, ғажайып сәт, дидактикалық ойын.<br>**Көрнекіліктер:**<br>Дәрігер, себет, жемістер, дидактикалық материалдар.<br>**Жүру барысы.**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Алма баққа барайық ,<br>Алма теріп алайық.<br>Ең үлкенін,дәмдісін,<br>Анамызға сыйлайық<br>**Ғажайып сәт**:<br>Топ бөлмесіне себеті бар дәрігер апай кіреді.<br>-Сәлеметсіз бе?<br>Дәрігер апай, келіңіз, кіріңіз.<br>Балалар,кәне, дәрігер апайымызбен амандасайық.<br>-Балалар, бізге |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | допты алға созу.<br>4 Қос қолдағы допты сол жаққа тигізу<br>Аяқ бұлшық еттерге арналған жаттығулар.<br>Алға, артқа секіру.<br>Аяқ бірге допты екі қолмен кеудеге ұстау.<br>Алға қос аяқпен секіру.<br>Артқа қос аяқпен секіру.<br>Тыныстау жаттығуы<br>**Негізгі қимыл жаттығулары:**<br>1. Бір орыннан ұзындыққа секіру (арқандардың ара қашықтары 15 см)<br>2.Допты екі қолмен еденге ұру.<br>Қимылды ойын: «Бақташы» ойыны<br>**Ойынның шарты:**<br>Екі топқа бөліп ойнайды. Нұсқауларды орындайды. Бір-біріне кедергі жасамайды. Еңбектеу ережелерін орындайды. Екіге бөлініп ойнайды.<br>Қорытындылау.<br>Мадақтау. Бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Балалар белгіленген жерге дейін еңбектеу ережелеріне үйренді. Қимылды ойындарға қызығушылықпен қатысты. | **Шаттық шеңбері:**<br>Армысың алтын күн,<br>Армысың көк аспан,<br>Армысың жер ана,<br>Қайырлы таң балалар!<br>-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгешеліктер болады?<br>-Күзде ауа- райы қалай болады?<br>-Сендер күз туралы тақпақ білесіңдер ме?<br>Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр, тыңдап жауабын тауып көріңдер!<br>**Жұмбақ:**<br>Әрі қызыл, әрі тәтті,<br>Татқан жанды таңырқатты.<br>/Алма/<br>Уылжыған, албырт,<br>Дәмі ғажап... /Алмұрт/<br>-Жарайсыңдар балалар, жұмбақтың жауабын дұрыс шештіңдер!<br>**Слайд.**<br>Жемістедің суреттерін | Шаттық шеңбері.<br>Біздің топта балалар<br>Тату-тәтті ойнайды.<br>Дос көңілі әрқашан<br>Тек жақсылық ойлайды.<br>**Жұмбақ:**<br>Аспай піскен,<br>қайнамай түскен.<br>Ол не?<br>-Жемістерге нелер жатады?<br>-Олар қайда өседі?<br>-Енді ақын Рауза Қунақованың<br>**«Жемістер жыры» өлеңімен танысамыз.**<br>**Алма:**<br>Нарттай қызыл алмам бар,<br>Мәз болады алғандар,<br>Жазда әдемі киінем,<br>Тілді балдай үйірем.<br>**Өрік:**<br>Көктемде ерте гүлдеймін,<br>Кешігуді білмеймін.<br>Піспей тұрған кезімде<br>«Менен аулақ жүр!»-деймін.<br>Уылжыған өрікпін,<br>Мен бау-бақка көрікпін.<br>Балаларды жемістерге | Қуанатын күн келді.<br>Қайырлы таң, балалар,<br>Қайырлы таң, апайлар!<br>Қайырлы таң, қайырлы күн!<br>**Таңғажайып сәт.**<br>-Балалар, біз бүгін саяхатқа шығамыз, ал қайда баратынымызды мына себет арқылы анықтаймыз. Тәрбиеші жемістер салған себетті көрсетеді (алма, алмұрт, алхоры, апельсин, лимон)<br>Себеттегі жемістерді бір – бірден алып шығады.<br>-Мынау не? (алма, алмұрт, алхоры, лимон, апельсин).<br>-Ал бұлардың бәрін біз бір сөзбен қалай атаймыз.<br>-Жемістер қайда өседі?<br>-Өте жақсы! Біз сендермен жемістер бағына саяхатқа барамыз. Күз келді, сондықтан да пісіп тұрған жемістерді жинап алатын кез келді.<br>Жемістер туралы жұмбақтар жасыру.<br>Допқа ұқсайды өзі,<br>Қызғылт сары түсі.<br>(Апельсин) | дәрігер апай себетпен келіпті.Бұл себеттің ішінде не бар екен? Ашып қараймыз ба? Жемістер бар екен. Балалар біз жемістерді алдымен жуып жеуміз керек. Анамыз дүкеннен немесе базардан жемістерді әкелгенде жуып жейміз.Дәрігер апайымыздың әкелген жемістерінің дәмін көрейікші. Балаларға кесілген жемістерді тарелкаға салып алдарына қою.<br>–Мынау қандай жеміс?<br>-Дәмі қандай?<br>-Түсі қандай?<br>-Пішіні қандай?<br>Балалар жемістер дәрумендерге бай,денсаулыққа пайдасы көп.Біз жемістерді көп жесек ауырмай үлкен болып өсеміз.<br>Біз жемістерден жеміс шырынын аламыз.<br>Балалар жемістер бізге үлкен еңбекпен келеді. Біз оларды егеміз,суарамыз, баптап күтеміз. Піскеннен кейін |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **2 .Таным.**<br>Математика негіздері<br>**Тақырыбы:** «Жеміс бағына саяхат»<br>**Мақсаты:** Ойын арқылы жемістердің пішіні, көлем (дөңгелек, ұзын-қысқа,үлкен-кіші, жуан-жіңішке, тең, тең емес екендігі жайында)түсінік беру.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап, ой-қозғау, ойын.<br>**Көрнекілігі:** Көлемін, пішінін ажыратуға арналған суреттер.<br>**Жүру барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Қуан шаттан алақай,<br>Қуанатын күн келді.<br>Қайырлы таң, балалар,<br>Қайырлы таң, апайлар!<br>Қазір күз мезгілі. Күз мезгілінде ағаштардың жапырақтары сарғайып, жерге түсе бастайды, күн суытады.<br>Өткен оқу іс-әрекетті еске түсіру. Бүгінгі оқу іс-әрекетті сендерге жұмбақпен бастағым келеді.<br>**Жұмбақ:**<br>Аспай түскен, | көрсетіп, олар туралы айтқызады.Бір сөзбен қалай атауға болатынын сұрайды.<br>Көп жеміс ағаштарын көру үшін күзгі баққа серуенге шақыру.<br>Балалар, қане, барлығымыз паравоз сияқты катарға тізіліп тұрайықшы. Жол қысқару үшін өлең тыңдайық.<br>Н.Әлімқұловтың «Апорт алмасы» өлеңін оқып, түсіндіру.<br>**Апорт**<br>Апорт деген алманың<br>Таттың ба сен бал дәмін?!<br>Апорт деген тәтті алма,<br>Ол өседі бақтарда.<br>Алатауда өседі ол,<br>Оған тең жоқ деседі ел.<br>Өлеңді оқи отыра, ойын іс-әрекеттерімен қимыл жасап отырады және алдын ала дайындалған суреттерді пайдаланады.<br>**«Қандай жемісті** | бөліп, ойын ойнату.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>-Балалар, алманың, өріктің , алмұрттың дәмі қандай?<br>-Ал шиенің түсі,пішіні қандай?<br>**Сергіту сәті:**<br>Алма,алма,көп алма,<br>Қызыл, жасыл,көк алма.<br>Теріп,теріп алайық,<br>Қалтамызға салайық<br>**Жаңылтпаш жаттау:**<br>«Не деген таңғажайып бақша бұл,<br>Төбеден алма қарша жуып тұр».<br>Балалар жемістерді жинап салу үшін бізге себет керек. Ал бізде себет жоқ. Өзіміз себет құрастырып көрейік.<br>Жасалу жолымен таныстыру.<br>**Сұрақ-жауап**<br>Өлеңде қандай жемістер туралы айтылған?<br>-Нарттай қызыл деген сөзді қалай түсінесің?<br>Балалардың жұмысын мадақтау. | Терісі қалың, дәмі қышқыл,<br>Түсі - сары<br>Еті – дәрі. (Лимон)<br>Көктемде ақ гүлге оранады,<br>Күзде қолға доп болып оралады. (Алма)<br>Ілініп тұрған шарлар,<br>Күн көзімен көгерер. (Алхоры)<br>**Сергіту сәті:**<br>Аяқтың ұшымен тұрамыз,<br>Алманы жұлып аламыз.<br>Үйге қарай жүгіріп,<br>Аналарға сыйлаймыз.<br>Алмаға тән белгілерді анықтау.<br>-Міне, мен сендерге алма жұлып әкелдім. Пішіні қандай?<br>-Сипағанда қолға қалай сезіледі?<br>Алдарындағы ермексаздан алма мен алмұртты мүсіндеуді үйренейік.<br>Жасалу жолын түсіндіру.<br>Қорытындылау.<br>Мадақтау. Бағалау.<br>**Күтілетін нәтеже:**<br>**Нені білді**:Ермексаздан алма мен алмұрттың бейнесін мүсіндеуді білді. | жинаймыз.<br>**Ойын: «Бөлігін тап»**<br>Балалар,мен тақтаға бөлінген жемістерді орналастырдым. Осы бөлінген жемістердің бөлігін тауып құрастырайық.<br>Енді балалар дәрігермен қоштасайық.<br>–Балалар біз жемістер туралы көп білдік.<br>Балаларды мақтау,қорытындылау<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі**:Жемістердің түрлерін біледі..<br>**Нені меңгерді:**Жеміс атауларын,дәмі мен пішінін ажыратуды меңгерді. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Қайнамай піскен.<br>Ол не екен?<br>-Дұрыс , балалар, жемістер екен.<br>Жемістерге не жататынын білесіңдер ме? (теледидардан жемістердің суреттерін көрсетіп, түсіндіру.)<br>Жемістер дәрумендерге өте бай. Жемістерден тосаптар мен шырындар жасаймыз.<br>(Жемістердің қандай пайдасы бар екенін айтып өту.)<br>**«Саябақтағы жемістер» дидактикалық ойыны:**<br>Үстелдің үстіндегі табақшада алма, өрік, алмұрт, шие, өрік, құлпынай, қияр, сәбіз, қызанақ, кәді және тағы басқа жемістер мен көкөністер жатады.<br>Балаларға жемістер мен көкөністерді санап теріп алуға тапсырма беріледі.<br>Жетелеуші сұрақтар қойып отырады.<br>Неше алма жинадың?<br>Неше алма табақшаға салдың?<br>Неше сәбіз жинадың?<br>Неше кәді жинадың?<br>**2. «Көп және** | **алдың?» дидактикалық ойыны**<br>Үстел үстінде /муляждар, ұсақ заттық суреттер/ тұрады,<br>Балалар 1-2 ұнаған жемістерді алып, қандай жеміс алғанын айтып беру керек.<br>Мысалы: Алма-дөңгелек, сары, үлкен, бақта өседі.Алмадан тосап дайындайды.<br>Алманың суретін салу жолдарын түсіндіру.<br>Қылқаламды үш саусақпен ұстап, суға батырып, артық суды стакан ернеуіне сүйкеу арқылы қалдырып, қалаған бояуымызға салып, қылқаламның ұшымен жоғарыдан төмен, алманы толық бояп шығамыз.<br>**Сергіту сәті:**<br>Қолды үстелге қоямыз,<br>Саусақтарды санаймыз.<br>1, 2, 3, 4, 5 – 1, 2, 3,4,5<br>Екі қолды қос<br>-Қарандаршы, балалар, | **Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді:**жемістерді ажырата алады,адам денсаулығына пайдасы бар екендігін біледі.<br>**Нені меңгерді:**<br>«Жемістер жыры» өлеңін тыңдай отырып, осы жемістерге себетті өру арқылы құрастыруды меңгерді.<br>**2.Шығармашылық Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Мен алманы жақсы көремін»<br>**Мақсаты:**<br>Табиғи дәрумендер туралы түсініктерін көңілді әуенмен көтеріңкі көңіл-күй қалыптастыру.<br>Музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау. | **Нені меңгерді:**<br>Жемістерді көкөністерден ажыратуды меңгерді.<br>**2.Денсаулық.**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>Белгіленген жерге дейін еңбектеу.<br>Таяқшалардан аттап жүру.<br>**Мақсаты:** Балаларға белгіленген жерге дейін еңбектеуді қайталату және 3-4 таяқшалардан аттап өтуге үйрету;<br>Ұйымшылдықпен ойнап, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, жүгіру, көрсету,секіру,<br>**Қажетті құралдар:**<br>Бала санына қарай гүлдер,таяқшалар, жалаушалар, матрастар, доп.<br>**Жүру барысы:**<br>**Кіріспе бөлім:**<br>Бір тізбекте тұру.<br>-Бірінің артынан бірі жүру.<br>- Аяқтың ұшымен жүру.<br>-Екі қолды желкеге қойып өкшемен жүру.<br>-Бір бүйірмен оңға | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **біреу»** дидактикалық ойыны. Тақтаға көп және бір зат бейнеленген суреттер ілінеді. Көп және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп екі жаққа орналастырады.<br>**Жұмбақтар**<br>Бұрыштарым жоқ менің,<br>Дөңгелекте емеспін,<br>Ұқсаймын мен денеге<br>Кім табады, бұл не?<br>**(Сопақша)**<br>Үш төбесі бар көрінген<br>Үш бұрышы мен үш беті<br>Жауабын кім шешеді?<br>**(Үшбұрыш)**<br>Әр жұмбақты шешкен сайын жауабы болатын геометриялық пішінді тақтаға іліп, балаларға сұрақтар қойылады.<br>Сопақша, үшбұрыш туралы не білесіңдер?<br>Дөңгелектен айырмашылығы?<br>Сопақша, дөңгелек неге ұқсайды?<br>**Сергіту сәті**<br>Алма баққа барайық<br>Алма теріп алайық<br>Ең үлкенін дәмдісін<br>Анамызға сыйлайық<br>**«Кім зейінді» дидактикалық ойыны.**<br>Үстел үстінде алма, алмұрт, шие, өрік, құлпынай, және шарпы, | алмаларымыз әр түсті болып шықты (тақтаға балалардың жасаған жұмыстары ілінеді)<br>Қызыл, сары, жасыл, алмалар – бір сөзбен әр түсті, алуан – алуан түсті деп атауға болады.<br>Бір айналым сөйлесу арқылы оқу қызметін қорытындылау.<br>Мадақтау. Бағалау.<br>**Күтілетін нәтижесінде:**<br>Алманың апорт түрімен танысты. Тақпақты зейін қойып тыңдауды үйренді.<br>Балалар қағаз бетін дұрыс бағдарлап, алманы дұрыс орналастырды.<br><br>**2.Денсаулық.**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**:<br>Гимнастикалық орындық үстінде арасы екі қадам алыс қойылған доптардан аттап жүру.<br>Алға қарай бір аяқтан екінші аяққа ауысып секіру. | | қарап жүгіру.<br>-Бір бүйірмен солға қарап жүгіру.<br>-Екі қолды тізеге қойып жартылай отырып жүру.<br>-Шашырай жүру.<br>-Баяу жүгіру.<br>Үш қатар сапқа тұрып жалпы дамыту **жаттығуларын орындау**:<br>**(Гүлдермен)**<br>**1.**Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:<br>Б.қ.:аяқ алшақ, қол төменде<br>1.Гүлді алға созу.<br>2.Жоғары көтеру.<br>3.Алға созу.<br>4.Б.қ. келу<br>**2.** Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:<br>Б.қ.:аяқ алшақ, қол төменде.<br>1.Қос қолдағы гүл кеуде тұсында.<br>2. Қолды екі жанға созу<br>3.Қос қолдағы гүлді допты кеуде тұсына әкелу.<br>4.Б.қ. келу.<br>**3.** Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:<br>Б.қ.: отыру, аяқ арасы алшақ. | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш, дөңгелектер араласып жатады.Заттарды зерттеп, екі топқа топтастыруды ұсынады.<br>Балалардың көңіл – күй фишкалары арқылы бағалау.<br>Балалар шеңбер бойына тұрып бір бірімен сәлемдеседі.<br>Балалар жинаған, терген жемістері мен көкөністерін санап, жауап береді.<br>(Ойын шартын бұзбай заттарды бір белгісі бойынша топтастырады.)<br>Қорытындылау.<br>Мадақтау. Бағалау.<br>**Күтілетін нәтижесі:**<br>Балалар дидактикалық ойындар арқылы жемістердің көлемін, пішінін, түсін ажырата білді. Балалар өздеріне таныс жемістерді дөңгелек және сопақша сияқты геометриялық пішіндермен сәйкестендіруді үйренді. | **Мақсаты:**<br>Гимнастикалық орындық үстінде арасы екі қадам алыс қойылған доптардан аттап жүруге жаттықтыру.<br>Алға қарай бір аяқтан екінші аяққа ауысып секіруді үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, көрсету, қимылды ойын.<br>**Қажетті құралдар:**<br>Бала санына қарай құрсаулар, гимнастикалық орындық, доп.<br>**Жүру барысы:**<br>-Бір тізбекте тұру.-Бірінің артынан бірі жүру.<br>-Өкшемен жүру.<br>-Баяу жүгіру.<br>Шашыраңқы және түзу бағытта жүру.<br>-қол белде, аяқты кезек-кезек жоғары көтеріп жүру;<br>-баяу жүгіру;<br>-жай жүріспен жүру.<br>Балаларға үлкен себеттегі кішкентай доптарды беріп, бірінің | | 1. Гүлдерді жоғары көтеру.<br>2.Гүлдерді аяқ ұшына жеткізу.<br>3.Б.қ. келу.<br>Тыныс алу:<br>«Әдемі гүлдің иісі»<br>Екі қолындағы гүлдерді кеуде тұсына әкеліп иіскеп, жоғары көтеру<br>**Негізгі қимыл жаттығулары:**<br>1. Белгіленген жерге дейін еңбектеу.<br>2.Таяқшалардан аттап жүру.<br>Қимылды ойын:<br>**«Допты қуып жет!»**<br>**Тынысалу жаттығуы.**<br>Жай жүру.<br>Қорытындылау.<br>Мадақтау. Бағалау.<br>**Күтілетін нәтижесі:**<br>Балалар белгіленген жерге дейін еңбектеуді және 3-4 таяқшалардан аттап өтуді үйренді;<br>Ұйымшылдықпен ойнап, бір-бірін сыйлауға тәрбиеленді. | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу<br>**Жалпы даму жаттығулары. (құрсаумен)**<br>1. Бастапқы қалып:аяқ алшаақ, құрсау қолда. -құрсауды жоғары, төмен түсіру арқылы, оңға, солға бұрылу. ---- Құрсауды желпіту арқылы оңға, солға бұрылу.<br>Бастапқы қалыпқа келу. (5-6 рет).<br>2.Бастапқы қалып: Құрсауды жауырынға қою.<br>- оңға бұрылу<br>- солға бұрылу.<br>Бастапқы қалыпқа келу. (5-6 рет)<br>3.Бастапқы қалып:құрсауды белге ұстап тұру.<br>- Құрсауды белден айналдыру.<br>Бастапқы қалыпқа келу. (5-6 рет).<br>4.Бастапқы қалып: құрсау жерде, аяқ қосулы.<br>- Құрсаудан аттап секіру. | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 5.Бастапқы қалып: отыру, құрсауды екі қолмен ұстау.<br>-құрсауды тіке ұстап оң және сол аяқты кезекпе кезек көтеріп, түсіру. Қос аяқты кезекпе кезек тіке көтеріп, түсіру. Бастапқы қалыпқа келу. (5-6 рет).<br>6. Бастапқы қалып: денені тіке ұстап отыру.<br>-Денені төмен иіп, құрсауды алға созу, денені тіке ұстап, құрсауды өзіне тару. Бастапқы қалыпқа келу. (5-6 рет).<br>**Тыныс алу жаттығуы:**<br>1.Аяқ арасы алшақ, құрсауды қос қолмен екі шетінен жоғары көтеру, ауа жұту.<br>2.Құрсауды кеуде тұсына әкеліп, мұрнымен дем шығару.<br>**Негізгі қимыл жаттығулары:**<br>1.Гимнастикалық орындық үстінде арасы екі қадам алыс қойылған доптардан аттап жүру.<br>2.Алға қарай бір аяқтан | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | екінші аяққа ауысып секіру.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Менің добым»**<br>Тынысалу жаттығуы<br>Қорытындылау.<br>Мадақтау. Бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді:** Алға қарай бір аяқтан екінші аяққа ауысып секіруді білді.<br>**Нені меңгерді:**<br>Гимнастикалық орындық үстінде арасы екі қадам алыс қойылған доптардан аттап жүруді меңгерді | | | |
| **«Табиғат аясында серуен»**<br>Серуенге дайындық | 10.10-10.30 | Киімдерін ретімен дұрыс киінуін қадағалау. Серуенге шығу.<br>Еркін ойындар. | | | | |
| Серуен: | 10.30-12.00 | **Картотека №13**<br>«Шықты бақылау»<br>**Мақсаты:**Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы.<br>**2.Еңбек:**Ағаш бұтақтарын жинау.<br>**3.Қимылды ойын:**<br>«Қаздар мен бақташы»<br>**4.Жеке жұмыс:**<br>«Менің Отаным» өлеңін жаттату. | **Картотека №19**<br>«Күзгі көріністі бақылау»<br>**Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін айыра білуге, күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.<br>**2.Еңбек:** Ойын алаңы.<br>**3.Қимылды ойын:** | **Картотека №20**<br>«Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау»<br>**Мақсаты:**Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру.<br>**2.Еңбек:** Біздің ауламыз.<br>**3.Қимылды ойын:**<br>**Картотека**<br>«Күн мен түн»<br>**4.Жеке жұмыс:** «Күзгі киім» | **Картотека №9**<br>«Алтын күзді бақылау»<br>**Мақсаты:** Күзгі алаңның назарын аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау. Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату.<br>**2.Еңбек:** «Таза алаң»<br>**3.Қимылды ойын:**<br>«Көрші» | **Картотека№10**<br>«Жәндіктерді бақылау»<br>**Мақсаты:** Күзде жәндіктер қыска қалай дайындалады? Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.<br>**2.Еңбек:** Біздің алаң.<br>**3.Қимылды ойын:**<br>«Итеріспек»<br>**4.Жеке жұмыс:**<br>Балаларға тыйым |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Отан – менің ата-анам, Отан-досым,бауырым, Отан – өлкем, астанам Отан – туған ауылым. **5.Еркіін ойындар** | «Қашпа, доп» **4.Жеке жұмыс:** «Күз» өлеңі **5.Еркін ойындар** | **5.Еркін ойындар** | **4.Жеке жұмыс:** «Отбасы мүшелері» **5.Еркін ойындар** | сөздерді жаттату. **5.Еркін ойындар** |
| Серуеннен оралу, гигеналық шаралар | 12.00-12.20 | Балалардың реттіліпен киімдерін шешуге, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету.<br>Қолдарын сабындап жууға үйрету. | | | | |
| **«Ас дәмді болсын»** Түскі ас | 12.20-13.00 | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу.<br>Үстел- үстінде түзу отыруын қадағалау. | | | | |
| **«Тәтті ұйқы»** Ұйқыға дайындық, күндізгі ұйқы. | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.<br>Жай әуенмен ұйқыға бату. | | | | |
| **«Ойнаймыз, сергиміз»** Ұйқыдан біртін деп тұрғызу, сауықтыру және гигеналық шара лар, жеке жұмыс тар. | 15.10-15.40 | **Ұйқыдан кейінгі жаттығулар:**<br>Картотека №2 «Велосипед тебу»<br>Картотека №4 «Құс болып ұшайық»<br>Картотека №7 «Қане балақай шапалақтайық!»<br>Мәдени- гигеналық дағдыларды орындау. | | | | |
| **Бесін ас** | 15.40-16.10 | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу.<br>Тамақ ішкеннен кейін майлықты дұрыс пайдалану. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Алакай ойын»**<br>Вариативтік компонент ұйымдастырыл ғаноку қызметі, ойындар ойна ту,оқу- тәрбие жұмыстарын жүргізу. | 16.10-16.40 | **Вариативтік компонент**<br>Қызықты математика<br>**Тақырыбы:**<br>«Сиқырлы қоржын» (ойын)<br>**Мақсаты:**<br>Геометриялық фигураларды тани білу.<br>**Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, түсіндіру,көрсету, ойын.<br>**Көрнекілігі:** әр түрлі геометриялық фигуралар.<br>**Жүру барысы:**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Күннің көзі ашылып<br>Көкте шуақ шашылып<br>Құтты қонақ келіпті<br>Төрімізге еніпті<br>Амандасу үлкенге<br>Тәрбиенің басы ғой<br>Ал, кәнеки бәріміз,<br>Сәлематсыздарма дейміз біз.<br>-Балалар сиқырлы қоржында не бар екенін білгілерің келе ме?<br>Ендеше қазір біз сиқырлы қоржынды ашып көреміз.<br>Сендер көздеріңді | **Қимылды ойын**<br>**Картотека №6**<br>**Тақырыбы: «Автобус»**<br>**Мақсаты:** Балаларға саппен жүруді және баяу, жылдам жүруді үйрету.<br>**Жұмбақтар жаттау:**<br>(Көкөністер туралы)<br>1.Қалың киім ұнатады<br>Шешіндірсең жылатады.(Жуа)<br>2.Үстіне тігіп көк шатыр,<br>Астында қызыл дәу жатыр. (Қызылша)<br>3.Жасыл дөңгелек,<br>бақшада жатыр<br>дөңгелеп. (Қарбыз)<br>**Коррекциялық жаттығулар:**<br>Картотека №1<br>«Жапырақтар ұшады»<br>Еркін ойындар. | **Дидактикалық ойын:**<br>**Картотека №7**<br>Тақырыбы: «Үйдің есігін жабайық»<br>Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.<br>**Мақал – мәтел жаттау:**<br>(Еңбек туралы)<br>1.Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>2.Еңбек түбі береке.<br>**Коррекциялық жаттығу:**<br>(сөздер қайталату арқылы тілдерін дамыту)<br>**Картотека № 22**<br>**«Сағат тілі»**<br>***Жеке жұмыс:*** | **Дидактикалық ойын**<br>**Картотека №12**<br>Тақырыбы: «Сиқырлы суреттер»<br>Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорын молайту.<br>***Жеке жұмыс:***<br>Білім беру саласы:Коммуникация.<br>Мақсаты:Сурет арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. сөздерді толық айта білуге үйрету. | **Вариативтік компанет:**<br>«Бояулар құпиясы»<br>**Тақырыбы:**<br>«Көңілді жемістер мен көкөністер»<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың қиялын, зейінін дамыту, жемістер мен көкөністерді бейнелей отырып, оларға жан бітіруге үйрету.<br>**Әдіс - тәсілдері:**<br>Түсіндіру, көрсету, сұрақ, ойын.<br>**Көрнекіліктер:** Үлгі сурет, бояулар, су ыдысы, қол орамал, қылқалам, жай қарындаш, мақталы таяқшалар.<br>**Жүру барысы**<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі. Дұрыс айтасыңдар<br>Тәрбиеші: балалар күзде адамдардың еңбегі өте зор, адамдар егін орады.<br>Бау- бақшадан жемістер мен көкөністер жинайды.<br>Балалар сендер көріністер мен жемістерді |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жұмып, сиқырлы қоржыннан қолына түскен геометриялық пішінді аласыңдар.<br>Сиқырлы қоржындағы геометриялық пішіндерді басқа балалар да алады да, өзінің қолындағы геометриялық пішіндерге сәйкес қойылған орындарға отырады.<br>Балалар біз геометриялық пішіндердің түстерін атайық.<br>Ал енді балалар, біз геометриялық пішіндерді атап шығайық.<br>**Д/ойын**: «Ұқсас заттарды ата»<br>**Мақсаты**: Балалар топтағы геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды атауға үйренеді.<br>**Сергіту сәті**<br>Көк аспанға қараймын(қолды көлегейлеп аспанға қарау)<br>Кеткен құсты санаймын (саусақпен санау)<br>Үшбұрыш боп тырналар(үшбұрыш | | | | білесіздерме?<br>Таңғажайып сәт қуыршақ Айгүл қонаққа келді.<br>Айгүл бізге жұмбақтар әкеліпті.<br>Балалар біздер жұмбақтар шеше аламыз ба?<br>Жұмбақтар:<br>1.Қабат-қабат тоны бар, Шешіндірсең жылатады.<br>2.Жер астында басы, Жер үстінде шашы.<br>3.Күзде піседі, Домалап түседі.<br>Күз мезгілі<br>Балалар қуыршақ Айгүлдің қонаққа келгеніне қатты қуанады.<br>Амандасады.<br>Иә білеміз.<br>Жұмбақтар шешеді.<br>Жуа.<br>Сәбіз<br>Алма<br>**Ұйымдастырушылық -ізденушілік**<br>Балаларға дәстүрден тыс сурет салу, үрлеу әдісін үйрету.<br>**Үрлеу әдісінің үлгісі:**<br>Жай қарындашпен қағаз бетіне жемістер мен |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | етіп төбесіне қолын ұстау)<br>Жылы жаққа оралар!<br>(қанаттарын қағып, айналып ұшу)<br>**Д/ойын** : пішіндерден торғайға үй құрастыру.<br>-Балалар үстел үстіндегі сиқырлы коржынға назар аударамыз:<br>-Пішіндерді балалар кезек-кезекпен алады.<br>Мұқият тыңдап өзіміздің қолымыздағы геометриялық пішініне ұқсас орындарға отырамыз.<br>-Сары,<br>-қызыл,<br>- көк,<br>- жасыл<br>-үшбұрыш,<br>- шаршы,<br>- шеңбер<br>**Шеңбер-** доп, алма, шарлар,бағдаршамның көздері, машинаның доңғалағы<br>**Шаршы**-қораптар, құрастырмақ кубиктер, терезе.<br>**Үшбұрыш-** құрастырмақ ойыншықтар, зымыранның басы.<br>Торғайға үй құрастырдық. | | | | көкөністер (шие, алма, сәбіз, жүзім) суреттері салынады.<br>Бейнеленген жемістер мен көкөністерге «қол, аяқ, көз, мұрын, ауыз, құлақтары» салынады.<br>Жемістер мен көкөністер қажетті бояу түстерімен боялады.<br>**Көркем сөз:**<br>Пісіп тұрған алманың<br>Тамсандырар бал дәмі.<br>Жерге сілкі түсірме,<br>Ісіп кетер маңдайың.<br>**Сергіту жаттығуы:**<br>Алма баққа барайық,<br>Алма теріп алайық,<br>Қол жетпесе алмаға<br>Секіріп қол созайық<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Көкөніс пе, жеміс пе?».<br>**Ойынның мақсаты:**Сұрақтарға толық жауап бере білуге жаттықтыру. Зейінін дамытып, есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойынның** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Белсенділерді мадақтау.<br>**Күтілетін нәтижесі:**<br>Балалар геометриялық фигураларды тани білді. | | | | **мазмұны:** Балаларға көкөніс пен жемістің пішіні, дәмі, түрі, түсі жайлы айтылады. Мысалы: пішіні дөңгелек, түсі сары, қызыл, жасыл болады, дәмі тәтті. Осындай атаулар арқылы балалар не екендігін табады. Балалар тәрбиешінің айтқанын мұқият тыңдайды. |
| **«Табиғат аясында серуен»**<br>Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киімдерін ретімен дұрыс киінуін қадағалау. Серуенге шығу.<br>Еркін ойындар. | | | | |
| Серуен | 16.50-17.50 | **Қимылды ойын:**<br>«Соқыр теке»<br>***Жеке жұмыс:***<br>Аспанға ұшар бу болып,<br>Жерге қайтар су болып. (Бұлт)<br>Жұмбақтар жаттату.<br>**Еркін ойындар** | **Қимылды ойын:**<br>«Айгөлек-ау, айгөлек»<br>***Жеке жұмыс:*** Тақпақ «Жел»<br>**Еркін ойындар** | **Қимылды ойын:**<br>Күн мен жаңбыр<br>***Жеке жұмыс:*** Балаларға бір орыннан қос аяқпен секіруді үйрету.<br>**Еркін ойындар** | **Қимылды ойын:**<br>«Тымпи-тымпи»<br>***Жеке жұмыс:***<br>Е.Өтетілеуов «Күшік»<br>**Еркін ойындар** | **Қимылды ойын:**<br>«Тауық қорадағы түлкі»<br>***Жеке жұмыс:***<br>Балаларға допты қос қолмен қағып алуды үйрету.<br>**Еркін ойындар** |
| Серуеннен оралу | 17.50-18.00 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуге, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету. | | | | |
| **«Сау бол балабақша»**<br>Ата-аналармен қарым-қатынас, балалардың үйге қайтуы. | 18.00-18.30 | Балалардың тазалығын ата- аналарға ескерту. Үйге кетуге сұрану. | Ата- аналарға кеңес: Үйде балаларға өз-өзіне еңбек етуге дағдыландыру. | Ата- аналарға балаларды табыстау.Төлем ақшаны уақытылы төлеу керек екенін ескерту. | Ата- аналарға ескерту. Балабақшаға уақытынан кешікпей әкеліп,уақытымен алып кетулерін ескерту. | Балалардың демалыс күндеріне сәттілік тілеу.<br>Дүйсенбіге таза келулерін ескерту. |

Scanned with CamScanner

Әдіскер: А.Уразмуханбетова
Бекітемін: _Ао3ра_
Күні: _13.11.2020_

**«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы «Айгөлек» ересек тобы**
**Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы.**
**III - апта ( 16 – 20 қараша айы 2020 ж.)**
**Өтпелі тақырып:«Қош келдің алтын күз»**
**Тақырыпша: «Табиғат құбылыстары»**

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 16.11.2020 | Сейсенбі 17.11.2020 | Сәрсенбі 18.11.2020 | Бейсенбі 19.11.2020 | Жұма 20.11.2020 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Сәлеметсіз-дер ме, балалар»** Балаларды таңертеңгі қабылдау. Таңертеңгі жаттығу Гигиеналық шаралар. | 8.00-8.30 | **Күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен таныстыру. Дәрумендер туралы мағлұмат бере отырып, адам ағзасына пайдасы жөнінде түсіндіру. Денсаулықтарын күте білуге тәрбиелеу.** | | | | |
| | | Балалардың демалыс күндерінің қалай өткендігін әңгімелеу | Балалардың көңіл күйлеріне назар аудару. Тазалықтарын тексеру. | Балабақша ауласы сендерге ұнай ма? Қай алаң көбірек ұнайды? | Кешегі ауа-райы мен бүгінгі ауа-райын салыстырып айтыңдар. | Балалармен жылы шыраймен амандасып, көңіл күйлеріне назар аудару. |
| | | **Жаттығулар кешені. Қараша айы: III - IV апта; Картотека № 6** | | | | |
| | | Мәдени гигеналық дағдыларын қалыптастыру.Қолдарын жуып,таңғы асқа отырғызу. | | | | |
| **Таңғы ас.** | 8.30-8.50 | Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішуге,майлықты дұрыс қолдануға, тамақтан соң алғыс айтуға үйрету. | Тамақты дұрыс ішулерін қадағалау.Тауысып ішуге дағдыландыру | Майлықты дұрыс пайдалануына көңіл бөлу. Тамақ ішкенде сөйлемей, әдепті отыруға үйрету. | Үстел басында дұрыс отырып, тамақтануын қадағалау. | Тамақтарын тауысып ішуін қадағалау. |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық.** | 8.50-9.00 | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда дидактикалық ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар. | | | | |
| | | **Қимылды ойын Картотека №15** Тақырыбы: «Аралар» Мақсаты: Балалардың зейінің, есту қабілетін дамыту. | **Қимылды ойын Картотека № 16** Тақырыбы: «Автомобильдер» Мақсаты. Балаларды ұйымшылдыққа | **Қимылды ойын Картотека № 17** Тақырыбы: «Тату-тәтті отбасы» Мақсаты: Балалардың танымдық қабілетін | **Қимылды ойын Картотека №18** Тақырыбы: «Дала және үй құстары» Мақсаты: Балалардың зейінін дамыту, | **Қимылды ойын Картотека №20** Тақырыбы: «Айна» Мақсаты: Баланың зейіні мен байқампаздығын әрі |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | тәрбиелеу. | дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | ұйымшылдыққа үйрету. | әр түрлі дене қимылдарын жетілдіру. |
| **«Ойнайық та, ойлайық»**<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі (үзілістерді қоса алғанда) | 9.00-10.10 | **1.Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>Гимнастикалық орындық үстімен арқаға дорба іліп алып еңбектеу.<br>Сақинаны лақтырып таяққа тигізу<br>**Мақсаты:**<br>Гимнастикалық орындық үстімен арқаға дорба іліп алып еңбектеуге жаттықтыру.<br>Сақинаны лақтырып таяққа тигізуге үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, қимылды ойындар.<br>**Қажетті құралдар:** бала санына қарай доптар, гимнастикалық орындық, дорбаша, сақина, таяқ.<br>**Жүру барысы:**<br>I.Кіріспе бөлім:<br>-Бір тізбекте тұру -<br>Бірінің артынан бірі жүру.<br>- Аяқтың ұшымен жүру.<br>-Екі қолды желкеге қойып өкшемен жүру.<br>-Бір бүйірмен оңға қарап жүгіру. | **1.Қатынас**<br>**Шығармашылық**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** Күзгі табиғат(байланыстырып сөйлеу). «Әдемі бұлттар»<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды күзгі табиғаттағы, ауа – райындағы өзгерістерді байқай отырып, артикуляциялық және дауыс апаратын дамыту. қойылған сұрақты тыңдап, дұрыс жауап беруге тәрбиелеу. табиғаттағы өзгерістерді байқауға талпындыру.Балаларға қағаз бетін дұрыс бағдарлап, бұлттарды дұрыс орналастыруға дағдыландыру.<br>бұлттарды дайын қағаз бөліктерінен жапсыруға үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>Түсіндіру, көрсету, тақпақ оқу, жаңылтпаш айту, сұрақ-жауап, артикуляциялық | **1.Қатынас.**<br>Орыс тілі<br>**Тема:**<br>Полезные овощи и фрукты<br>**Цель:** Формировать представления об овощах и фруктах<br>**2.Шығармашылық**<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>«Жау,жау,жаңбыр»<br>**Мақсаты:** Табиғат туралы жалпы түсінік беру. Музыканы тыңдауға, ілесе айтуға шақыру, би ырғақтарын жасауға талпындыру | **1.Таным**<br>**Шығармашылық**<br>**Жаратылыстану**<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Тірі және өлі табиғат».<br>«Кемпірқосақ»<br>**Мақсаты:**Балаларды табиғат аясындағы жанды және жансыз заттарға қамқорлық жасауға баулу оның қажеттілігін түсіндіру.<br>Балаларды кемпірқосақтың жеті түсін ажырата білуге жаттықтыру.<br>Кемпірқосақтың түстерінің орналасу ретімен таныстыру, акварель бояулармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру<br>**Әдіс-тәсілдер:**Көрсету, түсіндіру, зерттеу, сергіту сәті.<br>**Көрнекіліктер:**Өлі және тірі табиғат суреттері,акварель бояулар, ақ қағаздар, қылқалам, су,зертханаға қажетті | **1.Шығармашылық**<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>«Жау,жау,жаңбыр» (қайталау)<br>**Мақсаты:** Табиғат туралы жалпы түсінік беру. Музыканы тыңдауға, ілесе айтуға шақыру, би ырғақтарын жасауға талпындыру.<br>**2.Қатынас**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы;** Күзгі табиғат<br>(сюжетті сурет бойынша әңгіме)<br>**Мақсаты:**Күз сыйы туралы ұғымдарын бекіту.Табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы білімдерін кеңейту.Табиғаттың сыйын балалар өз көзімен көріп, дәмін татып, күз байлығын әсемдікті сезіне білуге, көргендері туралы әңгімелеп беруге үйрету. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | -Бір бүйірмен солға қарап жүгіру.<br>-Екі қолды тізеге қойып жартылай отырып жүру.<br>-Шашырай жүру.<br>-Баяу жүгіру.<br>Үш қатар сапқа тұрып жалпы дамытушы жаттығуларын орындау. (доппен)<br>1.Бастапқы қалып: аяқ иық кеңдігінде, қол төменде.<br>Орындалуы:<br>1.қолды алға созу.<br>2.қолды жоғары көтеру.<br>3.аяқтың ұшына тұру.<br>4.бастапқы қалыпқа келу (5 рет)<br>2.Бастапқы қалып: аяқ иық кеңдігінде, доп ұстаған қол төменде.<br>Орындалуы:<br>1.доп ұстаған қолды жоғары көтеру.<br>2.сол аяқтың ұшымен тұру.<br>3.сол жаққа бұрылу.<br>4.бастапқы қалыпқа келу. (әр жаққа 4 реттен)<br>3.Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, доп еденде.<br>Орындалуы:<br>1.допты өзінен айналдыра оңға домалату. | жаттығу.<br>**Көрнекілігі:** Күз мезгілінің суреті, табиғат құбылыстарының суреті, түрлі-түсті қағаздар, желім, қайшы.<br>***Жүру барысы***<br>**Шаттық шеңбері**<br>Қайырлы таң мөлдір көздерім!<br>Қайырлы таң жұмсақ қолдарым!<br>Қайырлы таң мықты аяқтарым!<br>Қайырлы таң арайлы күн, аспан!<br>Мақсұт Неталиевтің Күз суреті туралы өленін оқу:<br>Сары ала жапырақтар<br>Қонады қалқып ұшып.<br>Мүлгиді атырап бар<br>Жамылып алтын шік.<br>Бу шығып бүйірінен<br>Ағады жылға-бұлақ.<br>Балалар, бұл өлеңде не туралы айтылған, қандай жыл мезгілі туралы жазылған?<br>Дұрыс айтасыңдар күз туралы<br>(айнекке қарасақ та ағаш бұтақтарында сарғайған жапырақтар көрінеді) деп түсіндіру<br>**Жаңылтпашты** түсіндіріп айту | | құралдар.<br>**Жүру барысы.**<br>Балалар таңертең ұйқыдан тұрғанда кімді көресіңдер?<br>- Далада, балабақшаға келе жатқанда нені көресіңдер?<br>- Балалар қалай ойлайсыңдар, күн, су, ауа керек пе?<br>- Осының барлығын бір сөзбен айтқанда не дейміз?<br>Табиғат екіге бөлінеді: Өлі табиғат және тірі табиғат. Кәне бәріміз қайталайық.<br>- Өлі табиғат және тірі табиғат.<br>- Өлі табиғатқа су, ауа, жер, күн, бұлт.<br>- Топтағы балалар, гүлдер олар тірі табиғат.<br>- Ал тірі табиғатқа: адамдар, құстар өсімдіктер, гүлдер жатады.<br>Ал енді балалар біз бірінші өлі және тірі табиғаттың айырмашылығын білу үшін зертханаға барайық.<br>1 тапсырма:<br>Зертханалық жұмыс:<br>-Балалар менің | **Әдіс-тәсілдер:**<br>Түсіндіру, көрсет, әңгімелеу, жұмбақ, ойын.<br>**Көрнекіліктер**:Күз мезгілінің суреттері.<br>Жүру барыс.<br>Күндей жарық, айдай арайлы,<br>Судай мөлдір таза көңілмен<br>Бүгінгі күнді бастайық.<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күз неше айдан тұрады?<br>-Күзді неге «алтын күз» деп атайды?<br>**Ойын: «Табиғат мейірімді».**<br>Ойын шарты:<br>Тәрбиеші сөйлемді өзі бастап береді. Балалар сөйлемді әрі қарай жалғастырады.<br>Жер-Ана мейірімді, өйткені ол ... (көкөністер мен жемістерді өсіреді)<br>Күн мейірімді, өйткені ол ... (жарығын, жылуын береді)<br>Г. Қайырбековтің «Алтын күз» өлеңімен таныстыру, жаттату.<br>Жемісі мол теретін,<br>Күз дос екен бізбенен. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2.бастапқы қалыпқа келу. (сол жаққа да айналдыру 5 реттен)<br>4.Бастапқы қалып: аяқты созып еденде отыру, доп жерде.<br>Орындалуы:<br>1.допты екі аяқтың табанына қысу.<br>2.екі қолды артқа тіреу.<br>3.екі табанмен қысқан допты жоғары көтеру.<br>4.бастапқы қалыпқа келу. (5 рет)<br>5.Бастапқы қалып: аяқ иық кеңдігінде, қол белде. Доп еденде.<br>Орындалуы:<br>1.допты айнала секіру.<br>2.бастапқы қалыпқа келу. (7 рет)<br>Тыныс алу жаттығулары:<br>Картотека № 6<br>Шарларды мен үремін,<br>Ойнап мен онымен жүремін.<br>Қызыл,жасыл шарларды,<br>Үрлеймін, мен үрлеймін.<br>(терең тыныс алу)<br>**ІІ.Негізгі бөлім**<br>1. Гимнастикалық орындық үстімен арқаға дорба іліп алып еңбектеу.<br>2.Сақинаны лақтырып тақаққа тигізу. | Санай бер, қарай бер, бояуы жұз, келді күз.<br>Қарандар жер беті сап-сары, алтын сияқты.<br>Жапырақтардың түстері қандай?<br>Балалар сары, қоқсары, қызыл.<br>суретте адамдар қалай киінген?<br>Далада салқын, суық, сондықтан адамдар жылы киінген.<br>Күз мезгілінде салқын, суық жел соғады, жаңбыр жауады, сондықтан суық болады.<br>**Артикуляциялық жаттығу:**<br>«Жапырақтарға үрлейік» жіңке байланған жапырақтың үлгісіне үрлейді.<br>Сендер жаңа айттыңдар, күзде жаңбыр көп жауады деп. Ал жауын жаумастан бұрын аспанда қандай өзгерістер болады?<br>Ендеше бүгін бұлттың бейнесін жапсырып үйренеміз.<br>Жасалу жолын түсіндіру.<br>Сұрақ-жауап арқылы оқу қызметін | | қолымдағы не?<br>-Балалар су қандай?<br>- Түсі қандай?<br>- Дәмі барма?<br>- Суды қалай пайдаланамыз?<br>Су керек пе?<br>Балалар білесіңдереме?<br>Судың дыбысы болады.<br>- Балалар судың пайдасы мол. Су түрлі өзгеріске ұшырайды, бұға айналады, бу қайтадан су күйінде жаңбыр болып жауады, су мұз болып қатады.<br>2 тапсырма.<br>Тірі табиғатқа не керек?<br>-Балалар сендер тақтадан ненің суретін көріп тұрсыңдар?<br>Балалар бұл тапсырмада, гүлге не қажет екенін түсіну. Гүлдің қалай өсіп жетілетінін білу. Гүлге керекті заттарды жинақтау.<br>-Гүл өсіп, өніп шығу үшін не қажет?<br>Сергіту сәті:<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай ағаштар,<br>Үп-үлкен болып өседі.<br>Кемпірқосақ ол не?<br>-Кемпірқосақты қай | Бәрін тауып беретін Жомарт екен күз деген.<br>Күз айында жемістер мен көкөністер піседі.<br>Жемістер бақ өседі, көкөністер бақшада өседі.<br>Жемістер мен көкөністерді ата.<br>Жемістер: алма, алмұрт, шие, өрік, жүзім, т.б.<br>Көкөністер: қызанақ, қияр, қырыққабат, қарбыз, қауын,<br>**Сергіту сәті:**<br>(Баяу музыка әуенімен орындалады.)<br>Бастаушы: Күзде ағаш жапырақтары сарғаяды, жел соғады,ағаштар тербеледі, жапырақтар жерге қалықтап түседі. Аспанды бұлт торлайды, жаңбыр жауады. Тық, тық, тық (дыбыс шығару). Күн жарқырап шықты, біз қуанамыз!<br>(Балалар қимылмен көрсетеді).<br>Балалардан күзгі табиғат көріністі жөнінде сұрау.<br>Балалардың жауабы |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Қорытынды бөлім.**<br>**Қимылды ойын:**<br>**Тақырыбы:** «Кім допты алысқа лақтырады?»<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшандыққа, мергендікке үйрету.<br>-Балалар, біз немен жаттығу жасадық?<br>Қимылды ойын сендерге ұнады ма?<br>Балаларды мадақтау, бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді:** Балалар гимнастикалық орындық үстімен арқаға дорба іліп алып еңбектеуді білді.<br>**Нені меңгерді:** Сақинаны лақтырып таяққа тигізуді меңгерді.<br>**2.Таным.**<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Жапырақтар түсуде<br>**Мақсаты:**Балаларда бір және көп ұғымын қалыптастыру.<br>Жапырақтарды көлеміне қарай салыстыра білуге үйрету. Ойын арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру, көрсету, ғажайып сәт, | қорытындылау.<br>Мадақтау. Бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді:** Күздің ерекшеліктерін және күзде болатын құбылыстарды білді.<br>**Нені меңгерді:**<br>Қағаздан бұлттың бейнесін қиып жапсыруды меңгерді.<br>**2.Денсаулық.**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Биіктігі 15 см болатын ұзын орындықтан секіру. Допты түзу бағытта домалату.<br>**Мақсаты:**<br>Тапсырмаларды орындай жүріп бір қатармен жүру мен жүгіруді және секірген соң жерге аяқты сәл бүгіп түсуді үйрету, допты бір-біріне домалату дағдыларын жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, көрсету,жүру.<br>Жүгір, қимылды ойын<br>Көрнекілігі:<br>***Жүру барысы:***<br>I.Кіріспе бөлім:<br>-Бір тізбекте тұру.<br>-Бірінің артынан бірі | | кезде көруге болады?<br>-Кемпірқосақтың неше түсі бар?<br>-Түстерін атап беріңдер<br>-Бүгін біз кемпірқосақтың суретін салуды үйренеміз.<br>-Жұмыс ретімен таныстыру.<br>-Жай қарындашпен көкжиек сызығын сызып аламыз.<br>-Қағаздың жоғарғы бетіне күн мен бұлтты салып аламыз.<br>-Кемпірқосақ түстерін доға түрінде саламыз.<br>Бояймыз.<br>Балалардың өз бетінше жұмыстары.<br>Қорытындылау.<br>Мадақтау. Бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді:** Өлі және тірі табиғат құбылыстарын ажыратып атай біледі.<br>**Нені меңгерді:**<br>Кемпірқосақтың суретін салуды меңгерді.<br>2.**Денсаулық.**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру.<br>3-4 доғаның астымен төрттағандап, допты | тыңдалады.<br>**Жұмбақ шешу.**<br>Жауып жаңбыр, жерде сабыр,<br>Шөп, жапырақ солады.<br>Айтыңдаршы, бөбектерім,<br>Бұл қай кезде болады?<br>(Күзде)<br>Қорытынды:<br>Күзде күн суытады, жауын-шашын көп болады. Айнала сары түске өзгереді, бұл мезгіл «алтын күз» деп айтылады.<br>Балалар мектепке барады. Жиын-терін болады.<br>Қорытындылау.<br>Мадақтау. Бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Балалар күз мезгілі жөніндесұраққа толық жауап бере алады. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сұрақ- жауап, ой-қозғау, дидактикалық ойын.<br>**Көрнекілігі:** Бір және көп ұғымына суреттер, Күлегеш.<br>**Жүру барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Біз ерекше баламыз<br>Айтқан тілді аламыз<br>Достарымды көргенде<br>Қуана қарсы аламын<br>Қайырлы таң балалар!<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Балалар мынау не?<br>- Ал тағы не көріп отырсыңдар?<br>- Дұрыс, балалар.<br>Есікті біреу қағады.<br>- Бұл Күлдіргіш келді ғой.<br>Күлдіргіш амандасады.<br>- Маған сендердің көмектерің керек. Мен санау білмеймін.<br>Менің оң қолымда қанша шар және сол қолымда қанша шар бар?<br>- Күлдіргіш, сен отырып біздің балалар не біледі екенін көріп, есіңе сақтайсың.<br>Тақтадағы суреттер бойынша жұмыс. | жүру.<br>-Өкшемен жүру.<br>-Баяу жүгіру.<br>- Қолымызға доппы алып, шеңберге тұру.<br>Жалаушамен жалпы дамыту жаттығуларын орындау.<br>1.Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қолымызда жалауша.<br>Орындалуы:<br>1.жалаушаны алға созу,<br>2. жалаушаны жоғары көтеру,<br>3 жалаушаны төмен түсіру,<br>4 бастапқы қалыпқа оралу. (3- 4 рет)<br>2. Бастапқы қалып: екі аяқ қосып тұру. қолымызда жалауша.<br>Орындалуы:<br>1. Қолды алға созу.<br>2. отыру,<br>3. орнымыздан тұру,<br>4. бастапқы қалыпқа оралу. (3- 4 рет)<br>3. Бастапқы қалып:<br>Аяқ сәл алшақ, қолымызда жалауша.<br>Орындалуы:<br>1. қолымызда жоғары көтеру,<br>2. оңға қисаю,<br>3 солға қисаю, | | басымен итеріп еңбектеу.<br>**Мақсаты:** Жүгіріп келіп ұзындыққа секіруге үйрету.<br>3-4 доғаның астымен төрттағандап, допты басымен итеріп еңбектеуге жаттықтыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру,көрсету,жүру жүгіру,секіру.<br>**Қажетті құралдар:**<br>Доғалар, доп, таяқшалар. Қоянның атрибуттары<br>**Жүру барысы:**<br>**I.**Кіріспе бөлім<br>-Бір тізбекте тұру.<br>-Бірінің артынан бірі жүру.<br>- Аяқтың ұшымен жүру.<br>-Екі қолды желкеге қойып өкшемен жүру.<br>-Бір бүйірмен оңға қарап жүгіру.<br>-Бір бүйірмен солға қарап жүгіру.<br>-Екі қолды тізеге қойып жартылай отырып жүру.<br>-Шашырай жүру.<br>-Баяу жүгіру.<br>Үш қатар сапқа тұрып | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | - Мұнда қанша тауық бар?<br>- Қанша балапандар бар?<br>- Мына ағашта қанша жапырақ?<br>- Ал, мына ағашта қанша жапырақ?<br>Күлдіргіш:<br>- Жарайсыңдар, балалар!<br>**Сергіту сәті:**<br>- Кәне сергіп ойнайық:<br>Алма, алма, көп алма<br>Қызыл жасыл, сары алма.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Қалтамызға салайық.<br>Балалар, рақмет, сау болыңдар. Мен көп нәрсе үйрендім сендерден.<br>Күлдіргіш кетеді.<br>- Ал біз, балалар, жұмысымызды жалғастырайық.<br>- Қанша қызыл үшбұрыш, ал қанша көк?<br>Дөңгелектер қанша?<br>Алдарындағы карточкаларымен жұмыс жасайық. Бірнеше балалардың жұмыстарын салыстыру.<br>- Жарайсыңдар, балалар, бүгін көп жұмыс жасадық. | 4. бастапқы қалыпқа оралу. (3- 4 рет)<br>**Тыныс алу жаттығулары:**<br>Картотека № 8<br>**II.Негізгі бөлім**<br>**Негізгі қимыл жаттығулар:**<br>1. Биіктігі 15 см болатын ұзын орындықтан секіру.<br>2.Допты түзу бағытта домалату.<br>**III.Қорытынды бөлім:**<br>**Қимылды ойын:**<br>Картотека №4<br>«Ұшақтар»<br>Қорытындылау.<br>Мадақтау. Бағалау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Биіктігі 15 см болатын ұзын орындықтан секіруді орындайды.<br>Допты түзу бағытта домалата алады.<br>Дамытушы жаттығуларды орындауды меңгереді | | **жалпы дамытушы жаттығуларын орындау.**<br>1.Бастапқы қалып: қол белде, аяқ иық кеңдігінде.<br>Басқа арналған жаттығулар<br>Орындалуы:<br>1. Басты алға ию.<br>2.басты артқа ию.<br>3.бастапқы қалыпқа келу. (5 рет)<br>2. Бастапқы қалып: аяқ иық кеңдігінде, қол белде.<br>Иыққа арналған жаттығулар<br>Орындалуы:<br>1. Оң иықты көтеру.<br>2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>3. Сол иықты көтеру<br>4. бастапқы қалыпқа келу (5 рет)<br>3. Бастапқы қалып: аяқ иық кеңдігінде, қол төменде.<br>Қолға арналған жаттығулар<br>Орындалуы:<br>1. Қолды алға созу<br>2. Жоғары созу<br>3 Жанға созу<br>4 Бастапқы қалыпқа келу (5 рет) | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Қорытындылау.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>«Біреу» және «көп» ұғымын түсінеді және сұраққа нақты жауап беріп, салыстыра алады. | | | 4. Бастапқы қалып:аяқ иық кеңдігінде, қол белде.<br>Белге арналған жаттығулар<br>Орындалуы:<br>1. Оңға иілу<br>2. Бастапқы қалыпқа келу<br>3. Солға иілу<br>4. Бастапқы қалыпқа келу (5 рет)<br>5. Бастапқы қалып: түзу тұру, аяқ қосулы.<br>Аяққа арналған жаттығулар<br>Орындалуы:<br>1. аяқты қосу<br>2. тізені бүгу<br>3. Бастапқы қалыпқа келу (5 рет)<br>Саппен жүру<br>Шалшық судан секіру<br>Тастардан секіру<br>Бұталардың арасымен жүреміз.<br>Балалар, орманға да жеттік.<br>Орманды аралайық, бір - бірімізден адасып қалмайық. Орманда қандай аңдар бар?<br>**Тыныс алу жаттығулары:**<br>**Негізгі бөлім.**<br>1. Жүгіріп келіп | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ұзындыққа секіру.<br>2. 3-4 доғаның астымен төрттағандап, допты басымен итеріп еңбектеу.<br>**Қорытынды бөлім.**<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қасқыр мен қояндар»<br>Балалар енді елге қайтамыз.<br>(Орманнан алған әсерін айтады)<br>Бүгінгі саяхат сендерге ұнады ма?<br>- Қай жерге саяхатқа бардық? Нелерді көрдік?<br>(Мадақтау)<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Нені білді:** Балалар жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді білді.<br>**Нені меңгерді:** 3-4 доғаның астымен төрттағандап, допты басымен итеріп еңбектеуді меңгерді. | |
| **«Табиғат аясында серуен»** Серуенге дайындық | 10.10-10.30 | Киімдерін ретімен дұрыс киінуін қадағалау. Серуенге шығу.<br>Еркін ойындар. | | | | |
| Серуен: | 10.30-12.00 | **Картотека №13**<br>«Шықты бақылау»<br>**Мақсаты:**Күз | **Картотека №19**<br>«Күзгі көріністі бақылау» | **Картотека №20**<br>«Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін | **Картотека №9**<br>«Алтын күзді бақылау»<br>**Мақсаты:** Күзгі | **Картотека№10**<br>«Жәндіктерді бақылау»<br>**Мақсаты:** Күзде |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы.<br>**2.Еңбек:**Ағаш бұтақтарын жинау.<br>**3.Қимылды ойын:** «Қаздар мен бақташы»<br>***4.Жеке жұмыс:*** «Менің Отаным» өлеңін жаттату.<br>Отан – менің ата-анам,<br>Отан-досым,бауырым,<br>Отан – өлкем, астанам<br>Отан – туған ауылым.<br>**5.Дербес ойындар** | **Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін айыра білуге, күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жауы, жапырақтың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.<br>**2.Еңбек:** Ойын алаңы.<br>**3.Қимылды ойын:** «Қашпа, доп»<br>***4.Жеке жұмыс:*** «Күз» өлеңі<br>**5.Дербес ойындар** | бақылау»<br>**Мақсаты:**Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру.<br>**2.Еңбек:** Біздің ауламыз.<br>**3.Қимылды ойын: Картотека** «Күн мен түн»<br>***4.Жеке жұмыс:*** «Күзгі киім»<br>**5.Дербес ойындар** | баланың назарын аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау. Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату.<br>**2.Еңбек:** «Таза алаң»<br>**3.Қимылды ойын:** «Қорші»<br>***4.Жеке жұмыс:*** «Отбасы мүшелері»<br>**5.Дербес ойындар** | жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей, құмырсқаларды қарандаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.<br>**2.Еңбек:** Біздің алаң.<br>**3.Қимылды ойын:** «Итеріспек»<br>***4.Жеке жұмыс:*** Балаларға тыйым сөздерді жаттату.<br>**5.Еркін ойындар** |
| Серуеннен оралу, гигеналық шаралар | 12.00-12.20 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуге, киімдерін ұқыпты жинауға үйрету.<br>Қолдарын сабындап жууға үйрету. | | | | |
